



«МӘДЕНИ МҰРА»
МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ
КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ
НҰРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВТЫҢ
БАСТАМАСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛДЫ

**«МӘДЕНИ МҰРА» МЕМЛЕКЕТТІК
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ КІТАП СЕРИЯЛАРЫ
БАС РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ АЛҚАСЫ**

Тасмағамбетов И.Н., *бас редактор*
Тәжин М.М., *бас редактордың орынбасары*
Тәуекел С.Т., *жауапты хатшы*
Әбділдин Ж.М.
Әуезов М.М.
Байпақов К.М.
Зиманов С.З.
Кәлетаев Д.А.
Қасқабасов С.А.
Кекілбаев Ә.
Кенжеғозин М.Б.
Қойгелдиев М.Қ.
Қосыбаев Е.М.
Құл-Мұхаммед М.А.
Мағауин М.М.
Мәмбеев С.А.
Нұрпейісов Ә.К.
Нысанбаев Ә.Н.
Рахмадиев Е.Р.
Сұлтанов Қ.С.
Сүлейменов О.О.
Хұсайынов К.Ш.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ
ЖӘНЕ СПОРТ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

энциклопедиялық анықтамалық



«АРУНА» баспасы
Алматы, 2005

ББК 83. 3 қаз я 2

Қ 17

Қ Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. –
Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 576 б.

ISBN 9965-26-096-6

Бас сарапшы

Балтабай Әбдігазиев, филология ғылымының докторы, профессор

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы бойынша шығарылып отырған «Қазақ әдебиеті» энциклопедиялық анықтамалығында қазақ әдебиетіне қатысты ұғымдар, терминдер, әдеби процестегі оқиғалар мен құбылыстар, барлық ақын, жазушы, жыршы, жыраулардың, әдебиеттанушы ғалымдардың қысқаша шығармашылық өмірбаяндары әліпби тәртібімен жүйеленіп берілген. Қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихи даму сатыларын айқын аңғартатын ежелгі әдеби нұсқаларға, ертегі-аңыздарға, батырлық, ғашықтық жыр-дастандарға, қиссаларға, елеулі әдеби туындыларға жеке мақалалар арналған.

ББК 83. 3 қаз я 2

Барлық құқығы қорғалған. «Аруна» баспасының жазбаша рұқсатынсыз кітаптан үзінділерді, суреттерді көшіріп басуға болмайды.

Қ $\frac{4603020100}{00(05) - 05}$

ISBN 9965-26-096-6

© «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005



АБАЙ (Ибраһим) Құнанбайұлы (10.8.1845, қазіргі Шығ. Қазақстан обл. Абай ауд. Қасқабұлақ жайлауы – 6.7.1904, сонда, Балашақпақ жайлауы, бейіті Жидебайда) – ұлы ақын, философ, аяртұшы, композитор. Ақынның арғы бабасы – Олжай батыр. Олжайдан Айдос, Айдостан Ырғызбай, Ырғызбайдан Өскенбай тарайды. Өскенбайдың әйелі – Зереден Құнанбай туады. Құнанбайдың (1804 – 1885) әйелі – Ұлжаннан Абай дүниеге келеді. А. “Ескітам” қонысында әкесі ашқан



“Абай Құнанбаев”. Суретші Ә. Қастеев. 1954 ж.

медреседе оқып, ауыл молдасы Ғабитханнан дәріс алған. Әкесі А-ды он жасқа толған соң Семейдегі Ахмет Риза медресесіне береді. Онда 3 жыл оқиды. Медресенің үшінші жылында А. осы қаладағы “Приходская школаға” да қосымша түсіп, онда 3 ай орысша оқиды. Осы жылдары шығыс классиктері Низами, Сағди, Қожа Хафиз, Науаи, Физули, Жәми, т.б. оқыса, екінші жағынан А.С. Пушкин, А.И. Герцен, М.Е. Салтыков-Щедрин, И.А. Крылов, Ф.М. Достоевский, И.С. Тургенев, Н.Ш. Чернышевский мұраларын оқып таныс болған, Батыс Еуропа әдебиетінен Гете, Дж. Байрон сияқ-

ты ақындарды оқып, түрлі ғылым салалары бойынша зерттеулер жүргізді. Есейген шағында солардың ішіндегі өзіне әсері болған кесек туындыларын қазақ тіліне аударды. А. 13 жасынан елдегі әкімш.-билік жұмыстарына араласады. 1875 – 78 ж. Қоңыркөкше еліне болыс болады. 1886 ж. Е.П. Михаэлистің ұсынысымен Семей обл. статистика к-тінің толық мүшесі болып сайланды. 1885 ж. мамыр айында Шар өз-нің бойындағы Қармола деген жерде Семей обл-ның ген.-губ. Цеклинскийдің басқаруымен Семей обл-на қарайтын 5 уездің 100-ден астам би-болыстары бас қосқан төтенше съезі өткізілді. Осы съезде төбе би болып сайланған Абайға “Семей қазақтары үшін қылмысты істерге қарсы заң ережесін” әзірлеу тапсырылды. А. бастаған комиссия барлығы 93 баптан тұратын ережені 3 күн, 3 түнде әзір етті. А. үш әйел алған. Бәйбішесі Ділдәдан (1843 – 1924) *Ақылбай* (1861 – 1904), Әбдірахман (1866 – 1874), Күлбадан (1863 – 1932), Әкімбай (1866 – 1874), *Мағауия* (1870 – 1904), Райхан (1871 – 1896); екінші әйелі Әйгерімнен (1856 – 1919) *Турағұл*



Семей қаласындағы Абай оқыған Ахмет Риза медресесі

(1875 – 1974), Мекайыл (1884 – 1931), Ізқайыл (1895 – 1929), Кенже (1901 – 1932), барлығы 7 ұл, 3 қыз сүйген. Әмеңгерлік жолмен үйленген әйелі Еркежаннан ұрпақ көрген жоқ. А. өлең жазуды он жасында бастаған (“Кім екен деп келіп ем түйе қуған...”). “Сап, сап,

көңілім”, “Шәріпке”, “Абыралыға”, “Жақсылыққа”, “Кең жайлау” өлеңдері 1870 – 80 жылдар аралығында жазылған. Ақындық қуатын танытқан үлкен шығармасы – “Қансонарда” 1882 ж. жазылған. Бастанаяқ динамикалық суреттерден тұратын бұл өлең қазақ әдебиетінде қалыптасқан дәстүрлі пішімнен өзгеше, ішкі ой иірімдері терең. А. лирикасы жанрлық ерекшеліктері жағынан алғанда көп салалы, көп қырлы болып келеді. Ол қазақ поэзиясындағы тіл кестесіне, сөз қолдануына да жаңа сипат дарытқан ақын. “Сен мені не етесің”, “Қан сонарда бүркітші шығады аңға”, “Қалың елім, қазаым, қайран



Абайдың 1909 жылы жарық көрген өлеңдер жинағы

жұртым”, “Жаз” (“Жаздыгүн шілде болғанда”), “Желсіз түнде жарық ай”, “Болыс болдым, мінеки”, “Қызарып, сұрланып”, “Келдік талай жерге енді”, “Өлсем орным қара жер сыз болмай ма?”, “Көк тұман – алдыңдағы келер заман” секілді өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, мүлде тың дүние, шығарм. жаңалық. А-дың тіпті жылдың төрт мезгілін суреттейтін “Қыс”, (“Ақ киімді, денелі, ақ сақалды”), “Күз” (“Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан”), “Жаз” (“Жаздыгүн шілде болғанда”), “Жазытұры” (“Жазытұры қалмайды қыстың сызы”) секілді бір топқа жататын өлеңдерінің де әрқайсысы мазмұн-мағынасы, суреттеу тәсілі, құрылысы жағынан әр түрлі болып шыққан. “Сабырсыз, арсыз, еріншек”, “Бөтен елде бар болса”, “Мәз болады, болысың” туындылары оның мысқылға шебер ақын екенін дәлелдейді. “Ғылым таппай мақтанба”, “Интернатта оқып жүр” атты өлеңдерінде білім-ғылымды насихаттаудың тамаша үлгісін көрсетеді. А-дың көркемдік ойлау, бейнелеп айту, суреттеу тәсілі мүлде

АБАЙ

жаңа, даралық стилі еркін, икемді, поэзиядағы қалыптасқан, дайын үлгілерді қайталамайды. А. қазақ поэзиясының мазмұндықауымын, тағырыбын кеңейтті, әдебиетте жаңа жанрлық түрлер туғызды. Қазақтың ауызекі ағындық және өнерінің байлығын кең пайдалана отырып, А. қазақ поэзиясы мен музыкасына жаңа үлгілер енгізді, ағындықтілдің образдылықбейнелеу, стилистикалықмүмкіндіктерін молықтырды. Қазақтың ағындықтілін, әдеби тілін ұстартып жетілдірді, әдеби тілді биік сапаға көтеріп, жаңа үлгіде қалыптастырды. А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтовтың шығармаларын шеберлікпен аударып,



Абай және балалары Ағылбай (сол жақта) мен Тұрағұл. Семей, 1896 ж.

қазақ әдебиетін жаңа ой орамымен байытты. Пушкиннің “Евгений Онегинінен” бірнеше үзінді-нұсқаларды тандап алып, “Татьянаның хаты”, “Ленскийдің сөзі” атты өлеңдерін шығарды. Лермонтовтың “Ой”,



Алматыдағы Абай ескерткіші

“Жолға шығым бір жым-жырт түнде жалғыз”, “Қанжар”, “Теректің сыйы”, “Асау той, тентек жиын, опыр-топыр”, “Жартас”, “Өзіңе сенбе, жас ойшыл”, “Альбомға” өлеңдерін қазақтың төл туындысынша сөйлетті. А. – мысал өлеңдердің шебері. Атағы орыс мысалшысы Крыловтың мысалдарын қазақ халқына алғаш жеткізуші. А. “Мас-тұт”, “Ескендір”, “Әзім” поэмаларын жазған. Олардың үшеуі де шығыс халқына ортақ сюжетке құрылған. Бұларға қоса, ол Лермонтовтың “Вадим” атты көлемді прозалық шығармасын және “Демон” поэмасын өлеңмен аударған. Бұл екі аудармасы мен “Әзім” поэмасы біз-



Абайдың отбасымен түскен соңғы суреті. Солдан оңға қарай алдыңғы қатарда: Бәкізат, Тұрағұл, Әубәкір, екінші қатарда: Абай, Еркежан, Қамалия, үшінші қатарда Мағауия

ге толық жетпеген. А-дың филос. көркемдік, әлеум. гуманистік және дінге көзқарастары терең білінген еңбегі – қара сөздері. *Абайдың қара сөздері* (әңгия) – ұлы ағынның сөз өнеріндегі көркемдік қуатын, философиядағы даналық дүниетанымын даралап көрсететін классикалық стильде жазылған прозалық шығармасы. Жалпы саны қырықалты бөлек шығармадан тұратын А-дың қара сөздері тағырыбы жағынан бір бағытта жазылмаған, әр алуан. Оның алты-жеті үлгісі ысқақ болса, қайсыбіреуі мазмұн, тағырып жағынан өзгешелеу, ауқымды болып келеді. А. өзінің қара сөздерінде шығарманың ажарына ғана назар аударып қана қоймай, оның тереңдігіне, логикалық мәніне зер салған. А-дың қара сөздеріндегі гуманистік, аартушылық әлеум. ойлары дін туралы пікірлерімен бірігіп, тұтас бір қазақ халқының филос. тұжырымдамасын құрайды.

Оның қара сөздерінің бірнешеуі ең алғаш 1918 ж. Семейде шыққан “Абай” журналында жарық көрді. Кейіннен, А-дың қара сөздері орыс, ытай, француз, т.б. көптеген әлем тілдеріне аударылды. А. музыка саласында да мол мұра қалдырып, қазақтың муз. өнерін дамытты. Қазіргі уақытта ағынның 27 әнінің 36 нұсқасы нотаға түсірілген. А. әндерінің бір саласы тек өз шығармасына ғана тән өлең өлшемдеріне сай соны ырғақпен өріс табады. “Сегіз аяқ”, “Бойы бұлғаң”, “Көзімнің қарасындағы” 4, 5, 6, 8 буынды өлең өлшемдеріне орай, олардың әні де халық музыкасында кездеспейтін өзгеше сазға құрылады. А-дың



Құнанбай ағасы мен кіші әйелі Нұрғаным

“Сұрғылт тұман”, “Мен көрдім ұзын қайың құлағанын”, “Өлсем орным қара жер...”, т.б. әндері – қазақтың өн творчествосында жаңалық ашқан шығармалар. Елімізде ұлы ағынға жасалған құрмет ерекше. А. атында Қарағанды обл-нда (1997), Шығыс Қазақстан обл-нда (1928) аудан, Семейде (1940), Қарқаралыда, Жидебайда (1945) әдеби-мемор. мұражайлар бар. А-дың әдеби мұрасын студент жастарға тереңдей таныстыру мен оның шығармаларын ыл. тұрғыда зерттеу мақсатында 1969 ж. ҚазҰПУ-



Абай шығармалары

АБАЙ

жаңадан медресе салдыртқан. 1885 – 92 ж. аралығында Жидебай қонысы Құнанбайдың Ұлжаннан туған кенже баласы Оспанның еншісіне тиген. 1892 ж. ескіше 1 мамырда інісі Оспан дүние салған соң, Абай осы қонысты тұрақты қыстау еткен. Жидебай 20 ғ-дың соңында тарихи-мемориалдық, эколог. қорыққа айналды. 1990 ж. Қазақстан үкіметінің қаулысымен Жидебай қорығының жалпы аумағы 64 км болып белгіленді. Мемлекет қарауына алынған қорық құрамына енген тарихи елді мекендер, қыстаулар, зираттар, көл-сулар мен көгалды алқап, төбе-шоқылар респ. маңызы бар тарихи ескерткіштер ретінде мемлекет қорғауына алынды. Қорық құрамына *Абайдың Жидебайдағы мемориалдық мұражай үйі*, Абай – Оспан және Шәкерім – Ахат ескерткіштер кешені, Зере, Ұлжан, Құдайберді, Ғабитхан молда, Шәукенбай, Еркежан бейіті басындағы белгілер, Кеңгірбай бидің бейіті, Құнанбай құдығы, Ос-



Жидебайдағы қыстаудың алдына қойылған Абай ескерткіші. Мүсінші – Х. Наурызбаев. 1968 ж.

пан көлі, Мұсақұл төбесі, Махмұт қорасы, Орыс қорасы, Зұлғарыш қорасы, Ырыздыбай қорасы, Тұрағұл қорасы енеді. Жоғарыда аталған тарихи-мәдени ескерткіштердің барлығы да ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы қарсаңында (1996) күрделі жөндеуден өткізіліп, жаңғыртылды.


АБАЙДЫҢ ЖИДЕБАЙДАҒЫ МҰРАЖАЙ ҮЙІ – *Абайдың* өмірі мен шығармашылық жолынан толық мағлұмат беретін мәдени мекеме. Семей қ-нан 180 км, Қарауыл

а-нан 25 км қашықтықта орналасқан. 1945 ж. ұлы ақынның туғанына 100 жыл толуы қарсаңында арнаулы мемл. комиссия шешімімен Жидебайдағы Абай қыстауы А. Ж. м. үне айналды. Мұражайдың бес бөлмесі мен үш залына орналастырылған заттар ұлы ақынның жақын туыстарынан, достары мен замандастарынан алынған. Үйдің құрылымы, сыртқы пішіні Абай заманындағы көрініскелбетін сақтаған. Ұзын дәліздің сол жағындағы бірінші есіктен ас үйге кіреді. Ол – терезесі шығысқа



Абайдың Жидебайдағы мұражай үйінің сыртқы көрінісі

қараған кең бөлме. Оң жақ босағада асадал мен күміс, мыс жалатылып сүйектен жасалған кішкене кебеже. 1885 ж. Абай осы екі бұйымды Семейдің өлкетану мұражайына өз қолымен өткізген. Көп заттардың ішінен қабырғадағы түс киіз ерек-



Жидебайдағы Абай кесенесі

ше көз тартады. Қонақ бөлмеде Абайдың орыс достары Е.П. Михаэлис, С.С. Гросс, Н.И. Долгополов пен П.Лобанскийлердің суреттері бар. Олардың Абай ауылында болғанын айғақтайтын құжаттармен қатар Абайдың Семейдегі өлкетану мұражайына өткізген көптеген заттарының суреттері қойылған. Мұнда күміс құты, кесе, айбалта, шақша сияқты бұйымдар бар. Абай заманынан бүгінгі күнге жеткен ең құнды заттың бірі – 1885 ж. П.Лобанский қарандашпен салған Абай суреті. Үйдің төргі бөлмесінде ақынның өзі отырған. Онда кітап оқып, жазу жазып, жұмыс істеген. Осы бөлмеге Ділдәның сүйек төсегі қойылған. Төсек тұсына ұлы ақынның ұлдары Әбдірахман мен Мағауияның суреттері ілінген. Абайдың үш ішекті домбырасы да осында. Дөңгелек үстел үстіне қойылған шыны қорапшаның ішіндегі Абайдың күміс қалта сағаты, қолжазбаларының көшірмесі, құс қанатынан жасалған қаламсабы мен



Абайдың Жидебайдағы мұражай үйінің бір бөлмесі

сиясауыты ақын өмір сүрген ортаны көзге елестетеді. Ауызғы бөлме ортасында, дөңгелек үстел үстінде, сыртында күмістен бедер салынған үлкен ағаш тегене мен бұғы мүйізінен жасалған қымыз ожау, бірнеше тегене мен тостағандар тұр. Бұл – Абай үйінің мүліктері. Оң жақтағы сүйек төсек – Әйгерімдікі. Абайдың нәресте кезіндегі заттары да сақталған. Оң босағада Абайдың үш ауызды және шиті мылтықтары ілулі тұр. Үш ауызды мылтықты Семейдің әскери бастығы сыйға


дың (бұрынғы ҚазПИ-дің) қазақ әдебиет кафедрасы жанынан Абай кабинеті ашылған. Алматы, т.б. қалалардағы театрларға, көшелерге ақын аты берілген. Абай атында шың (1932), асу, мұздық (1947) бар. Абай қоры жұмыс істейді. Фильмдер, көркем шығармалар, зерттеулер жазылған. Қазақтың классик жазушысы М.Әуезовтің әлемге белгілі шығармасы – “Абай жолы” ұлы ақынға арналған. Ақын тұлғасы өзге де көркемөнер туындыларына өзек болды.

Шығ.: Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері, СПб., 1909; Абай термесі, Орынб., 1916; Абай Құнанбайұлының өлеңдері, Қ., 1922; Таңд. өлеңдері, Таш., 1922; Толық жин., Қ.-о., 1933; Таңд. өлеңдері, А., 1934, 1936, 1939; Шығ.: 1–2-т., 1939 – 40; Таңд. өлеңдері А., 1943, 1944; Шығ. бір томдық жин., А., 1945; Таңд. өлеңдері, А., 1946; Шығ. толық жин., А., 1948, 1951; Таңд. өлеңдері, А., 1952; Шығ. толық жин., 1 – 2-т., 1954; Әндер, А., 1954; Шығ. толық жин., А., 1955; Шығ. толық жин., А., 1961; Шығ. толық жин., 1–2-т., А., 1977; Таңд. өлеңдері, А., 1985; Шығ. жин., 1–2-т., 1986; Шығ. толық жин., 1–2-т., А., 1995.

Әдеб.: Байтұрсынов А., Қазақтың бас ақыны, “Қазақ”, 1913; Әуезов М., Әдебиет тарихы, Қ., 1927, 227 – 233 б; сонікі, Абай Құнанбаев, А., 1967; сонікі, Абайтанудан жарияланбаған материалдар, А., 1988. Мұстанбайұлы Ы., Абай, “Жаңа әдебиет”, 1928, № 7–8; Жансүгіров І., Алы сөз, кіт.: Абай Құнанбайұлы, Қ., Абай – қазақ әдебиетінің классигі, “Әдебиет майданы”, 1934; Тоғжанов Ғ., Абай А., 1935; Сабитов Н., Абай, Библ. көрсеткіш, А., 1946; Жұмалиев Қ., Абайға дейінгі қазақ поэзиясының тілі, А., 1948; сонікі, Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-т., А., 1960; Абайдың өмірі мен творчествосы. Этногр. жин., А., 1954; Ахметов З., Лермонтов и Абай, А.-А., 1954; сонікі, Абайдың ақындық әлемі, А., 1995; Маргулан А., Новые рукописи Абая, “Вестник АН Каз. ССР”, 1955, №5; Тажибаев Т., Философские, психологические и педагогические взгляды Абая Кунанбаева, А.-А., 1956; Сүйіншәлиев Х., Абайдың қара сөздері, А., 1956; Сильченко М.С., Творческая биография Абая, А.-А., 1957; Өмірәлиев Қ., Абайдың нақыл сөздері, А., 1958; Мұқаметханов Қ., Абай шығармаларының текстологиясы, А., 1959; сонікі, Абайдың ақын шәкірттері, А., 1993; Жиреншин Ә., Абай және орыстың революционер демократтары, А., 1959; Жұбанов А., Абай кіт.: Замана бұлбұлдары, А., 1963; Мұқанов С., Абай Құнанбаев, кіт.: Жарқын жұлдыздар, А., 1964; Нұрқатов А., Абайдың ақындық дәстүрі, А., 1966; Абай тілінің сөздігі,

А., 1968; Сыздықова Р., Абай шығармаларының тілі, А., 1968; сонікі, Абай өлеңдерінің синтаксистік құрылысы, А., 1970; Қожакеев Т., Абай және сатира, А., 1970; Әлімқұлов Т., Жұмбақ жан, А., 1972; Бөжеев М., Абайдың ақындық айналасы, А., 1974; Мырзахметов М., Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемасы, А., 1982; сонікі, Абай жүрген ізбенен, А., 1982; сонікі, Абайды оқы, таңырқа, А., 1993; сонікі, Абайдың адамгершілік мұраттары, А., 1993; сонікі, Абайтану тарихы, А., 1994; сонікі, Абай және Шығыс, А., 1995; сонікі, Абай және Әуезов, А., 1997; Абай тағылымы, Мақ. жин., А., 1986; Қабай., Абай және Абай шығармалары, Пек., 1987; Есімов Ғ., Хакім Абай, А., 1995; “Абай философиясы мен дүниетанымы.” ұжымдық жинақ. А., 1995; Ысмағұлов Ж., Абайдың ақындық тағылымы, А., 1995.

“АБАЙ” – ұлы ақын Абайдың өмірі мен ақындық жолы жүйеленіп баяндалған энциклопедия. Таралымы 100 мың дана, онда 1631 мақала енген. Көлемі 120 авторлық б. т. Бұл басылым Қазақстан үкіметінің 1990 ж. 22 ақпандағы “Абай (Ибрагим) Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуына әзірлік және оны өткізу туралы” қаулысына сәйкес шығарылды. 1995 ж. “Атамұра” баспасынан қазақ тілінде жарық көрді. Энциклопедияда ақынның шығармалары мен аударма туындылары, қара сөздері мен тарихи-зерттеу мақалалары, сондай-ақ, Абайдың өмір жолы мен ортасы, ұстаздары мен шәкірттері, ата тегі, кейінгі ұрпақтары, шығармаларындағы жер-су атаулары жайында жүйелі мағлұматтар бар. Ақынның шығармаларына зерттеулер жүргізген ғалымдар туралы, өлеңдерін аударған шетелдіктер туралы деректер де кездеседі. Сонымен қатар жеке ғыл.-зерт. еңбектерге анықтама берілген. Кітапты дайындауға көрнекті ғалымдар мен абайтанушылар, шетелдік авторлар тартылған.



“Абай” энциклопедиясы

“АБАЙ” – әдеби журнал. Семейде 1918 ж. ақпан-қазан айларында алашордашыл қазақ жастарының ұйымдастыруымен шығып тұрды. Небәрі 11 саны жарық көрді. Журналды шығаруды қолға алып, алғаш редакторы болған Ж.Аймауытов. Журнал жұмысына М.Әуезов белсене ат салысты. Журнал Абай шығармаларын ұдайы насихаттап, қазақ халқының әдебиеті мен мәдениеті, өнері мен тарихы туралы мәселелерді көтерді. Журналда Мадиярдың (Аймауытов пен Әуезов) “Абайдан соңғы ақындар”, Жас түріктің (Аймауытов) “Қайтсек адам боламыз?” мақалалары, М.Жұмабаевтың “Күзді күні” өлеңдері, мақалалары, т.б. елеулі еңбектер жа-



“Абай” журналы

рияланды. “А.” журналы Семей қ-нда 1992 жылдан қайта шыға бастады. **АБАЙДЫҢ ЖИДЕБАЙДАҒЫ ҚОНЫСЫ**, Жидебай қорығы – Қарауыл өз-нің жайылмасында жатқан қалың қорық, шұрайлы жер. Жидебайды 18 ғдың 80-жылдары мен 19 ғдың 50-жылдары шамасында тобықты руының Мамай, Жігітек аталары қоныс еткен. Ал 19 ғдың ортасына таман Жидебай, Борсықбай, Барақ деп аталатын шұрайлы қоныстарды Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы (1804 – 1885) иемденіп, қыстау салдырған. 1850 ж. Құнанбай Жидебайдың солтүстігіне қарай он бес шақырым жердегі күзеуден, Ескітам деген қонысқа жиырма балаға арналған медресе салдырып, өзінің және туыстарының балаларын оқытқан. Абай сегіз жасынан бастап сол медреседен дәріс алып, сауат ашқан. 1880 ж. Абай Жидебайда өз қаражатымен

тартқан. Дәліз бойымен ілгері жүргенде түкпірдегі бөлменің оң жағында тұрған сүйек төсек – Еркежандікі. Бөлмедегі өзге заттардың барлығы – Абайдың соңғы кездегі өмірінің куәсі. Мұражай үйі шопаласының температурасы жазы, қысы бірқалыпты. Оның қабырғалары таспен қаланған.

АБАЙДЫҢ СЕМЕЙДЕГІ ӘДЕБИ-МЕМОРИАЛДЫҚ МҰРАЖАЙЫ (Әниярдың үйі) – Абайдың әдеби мұрасын сақтап, насихаттауға арналған тарихи-мәдени мекеме. Абай Әнияр Қожабайұлы Молдабаевтың (1850 – 1934) болашағынан көп үміт күтіп, оны жас кезінен Семейде, Ташкентте оқытқан. Әнияр 1892 ж. Семейдегі мемл. банкке қызметке




Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық мұражайының ғимараты

тұрғанда Абай өзі бас болып, жақын ағайындарын жұмылдырып қаладан үй сатып әперген. Сол үй құрылысы кеңейе келе, Абай, Шәкерім, Көкбай, Ақылбай, Әбдірахман, Тұрағұл, Мағауия, Кәкітай, т.б. елдің сыйлы қонақтары әркез қалаға келгенде қонатын үйіне айналды. Комиссар көшесіндегі № 116 үйде кейін де ел зиялылары, алаш азаматтары әрдайым бас қосып, алқалы жиын өткізетін болған. Әнияр Молдабаевтың екі қабатты осы үйі 1940 ж.



Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық мұражайының бір бөлмесі

сәуірде Абайдың туғанына 95 жыл толу мерекесі қарсаңында Қазақстан үкіметінің қаулысымен А. С. ә.-м. м-на айналдырылды. 1940 жылғы 16 қазаннан жұмыс істей бастаған бұл мұражай еліміздің тарихындағы тұңғыш әдеби-мемор. мұражай болды. Әнияр үйі мұражайға айналған кезінен бастап біршама жөндеуден өткенімен, үй құрылысының ғасыр басындағы тұрқы көп өзгермей, бастапқы сәулеттік сәнін сақтаған. Абай келіп-кетіп жүрген кезде Әнияр үйінде болған кітап жәшігі, жазу столы мен шарайна және қабырға сағаты *Абайдың Жидебайдағы мұражай үйіне* берілді. Мұражай қорында 13 мыңға жуық (оның ішінде 7500-і негізгі қор саналады) зат бар. Мұражай Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында (1996) күрделі жөндеуден өткізіліп, өз алдына 7 тақырыптық көрме залдарына бөлінген. Олар: “Абай және оның дәуірі”, “Жайлау”, “Үш қайнар бұлақ”, “Абай шығармашылығы”, “Абайдың ақындық өнер айналасы”, “Абайтану”, “Қазақ халқы ақын атын ардақтайды”. Бұл бөлімдерде Абай өміріне байланысты мұрағаттық құжаттар, қазақ халқының тұрмыстық-этногр. тыныс-тіршілігін бейнелейтін заттар, қолөнері мен бейнелеу өнерінің Абай тақырыбымен өзектес ілкі



Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық мұражайындағы экспонаттары

туындылары, сирек кездесетін қолжазба мұралары, кітаптар, фотодеректер, т.б. құнды мұрағаттар қойылған. Абайдың өзі 1885 ж. Семейдегі тарихи-өлкетану мұражайы қорына тапсырған байырғы ұлттық бұйымдар, ақын шығармалары, алғашқы кітаптары, Абайдың дүние жүзі халықтары тілдеріне аударылған өлеңдері, Абайдың әдеби



Абайдың Семейдегі әдеби-мемориалдық мұражайындағы ақынның қауырсын қаламы, шақшасы, қалта сағаты, тобызқұмалақ тақтасы

мектебінің аса ірі өкілдерінің шығармалары, сондай-ақ абайтанушы ғалым-зерттеушілердің бірегей еңбектері сақтаулы тұр.

“АБАЙДЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ” – *Абайдың* философиялық шығармасы. Барлығы 45 сөз бұған “Бірің сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы” деген тарихи мақаласы да қосылады. “А. қ. с-нің” соңғы нұсқасы *Мұрсейіттің* 1905, 1907 және 1910 жылдардағы қолжазбалары бойынша жарияланып келеді. “Қара сөздер” деген атау өлең сөзден бөлек шығарма мағынасын білдіреді. Өлең өнерін қазақ қара сөз демейді. Қара сөз “проза” деген мағынада айтылған. Қара сөз еркін ой білдіру формасы. Ақын өлеңдерінің кейбір күрделі дүниетанымдық мәселелері қара сөздерде түсіндірілген. Абайдың біршама өлеңдерін қара сөздеріндегі кейбір ойларды түсініп барып қабылдауға мүмкіндік ашылады. Мыс., “Алланың өзі де рас, сөзі де рас” деген өлеңін түсіну үшін алдымен Отыз сегізінші сөзді оқыған жөн. Абай қара сөздерінде Сократ, Платон, Аристотельдерді хакімдер деп атай отырып, өзінің де хакім екендігін дәлелдеп берген. Абай “хакім” деген ұғымды тек қолданып қоймай, оны түсіндірген. Отыз сегізінші сөзінде “хакім деген-

“АБАЙ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ”

дер әрбір істің себебін іздеушілер” дей келе хакімдіктің мәртебесі: “Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым” деп нақтылаған. Ғалымнан хакімді жоғары қоя отырып, Абай нақлия және ғақлия деген ұғымдарға түсінік береді. Ғақлия – хакімнің сөзі, нақлия – ғалымның сөзі. Абайдың қырық бес қара сөзі, негізінен, бәрі дерлік ғақлиялық мазмұнда, бірақ нақлиялық та сәттер бар. Абай филос. деген ұғымды білсе де, оны қолданбаған, оның орнына хакімдік ғақлият сөзін пайдаланған. Кезінде М.Әуезов нақтылап айта алмаса да, қара сөздер туралы сол заман үшін өте құнды пікір білдірген еді: “Жалпы алғанда Абайдың осы қара сөз дейтін мұралары көркем прозаның өзінен бөлек, бір алуаны боп қалыптасады. Бұлар сюжетті шығармалар емес. Стил, мазмұн жағынан алғанда, осы шығармалар Абайдың өзі тапқан, бір алуан көркем сөздің түрі. Кейде бұлар сыншылдық, ойшылдық және көбінше адамгершілік, мораль мәселелеріне арналған өсиет, толғау тәрізді” (М.Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы 20-т., 218 – 219). “А. қ. с.” жанрлық сипаты жағынан әлемдік ойшылдар Монтеннің “Тәжірибелеріне”, Паскальдің “Ойларына”, Ницшенің “Афоризмдеріне”, Шопенгауэрдің “Тұрмыстық афоризмдеріне”, Борхестің “Философиялық тәсілдеріне”, Жебранның “Шағын ойларына”, т.б. ұқсас. “А.қ.с.” бірнеше шет ел тіліне аударылған, әлемдік ақыл-ой қазыналарының бірі болып мойындалды. Ұлы ақынның бұл филос. мұрасын шет ел тілдеріне аударуға Ғ.Мұқанов, С.Санбаев, т.б. көп үлес қосты.

Әдеб.: Мырзахметов М., Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары, А., 1982; Есімов Ғ., Хакім Абай, А., 1994; Ахметов З., Абайдың ақындық әлемі, А., 1995; Абай. Энциклопедия, А., 1995.

“АБАЙ ТІЛІНІҢ СӨЗДІГІ” – іргелі ғыл.-зерт. еңбек. 1968 ж. “Ғылым” баспасынан жарық көрді Жалпы редакциясын басқарған – А.Ысқақов. Сөздікте ақын шығармаларында қолданылған сөздер мен фразеол. тіркестер әліпби ретімен жүйеленген. Олардың мағыналық реңктері түсіндіріліп, әр сөзге нақты мысалдар келтірілген. Сөздікке кісі есімдерін, жер-су атауларын, ұлт

және ру аттарын білдіретін жалқы есімдер де енген. Ақын қолданған қазақ әдеби тіліне сіңе қоймаған араб, парсы, орыс сөздері мен түркі тілдерінен алынған сөздер мен сөз тіркестеріне түсініктеме беріледі.

АБАЙДІЛДАНОВ Әділбек Байзолдаұлы (18.3.1932, Сарқан ауд. Бақалы а. – 1984, Алматы) – ақын. Лепсі пед. уч-щесін (1950), ҚазҰУ-ды (1956) бітірген. 1956 – 59 ж. Талдықорған және Алматы обл. газеттерінде, сондай-ақ респ. “Қазақ әдебиеті” газетінде қызмет атқарды. Ондаған жыр жинақтарының авторы. Орыс ақындары Ю.Лермонтов, А.Блок, украин жазушысы И.Франко шығармаларын, орыс ақындарының антологиясын қазақ тіліне аударуға қатысты. 1969 ж. “Жазушы” баспасынан шыққан “Латын Америкасының ақындары” жинағынан Чилидің 20 ғасырдағы әйгілі ақындары Габриела Мистраль мен Пабло Неруданың өлеңдерін, 1976 ж. “Өнегелі адамдар өмірі” (ЖЗЛ) сериясымен жарық көрген “Николай Островский” атты кітапты (авторы Раиса Островская) қазақ тіліне тәржімалады.

Шығ.: Ақ қайың. Өлеңдер. А., 1961; Салтанат. Өлеңдер. А., 1964; Қыран. Поэма. А., 1966; Алыс көкжиек. Өлеңдер мен поэма. А., 1968; Сокол. Стихи и поэма. А., 1969; Маржан. Өлеңдер мен поэма. А., 1971; Шындағы шырақ. Өлеңдер мен поэма. А., 1974; Сенемін саған. Өлеңдер мен поэма. А., 1977; Құс жолы. Тандамалы. А., А., 1978; Армысың махаббат. Өлеңдер мен поэма. А., 1982; Прометейдің аспанға қарап айтқаны. Поэмалар. А., 2003.

“АБАЙ ЖОЛЫ” – М.Әуезовтің әлемге әйгілі роман-эпопеясы. “А. ж.” – қазақтың көркем прозасын классик деңгейге көтеріп, әлем әдебиетіне биік эстет. талғам, көркемдік қуат әкелген үздік туынды. Әуезов өзінің роман-эпопеясында қазақ халқының, оның ұлттық дәстүрін барлық қырынан жан-жақты ашып көрсеткен. Қазақтың дана ұлы Абай образын, шығарм. және қайраткерлік тұлғасын сөз өнерінде өзгеше даралықпен сомдаған. “А. ж.” роман-эпопеясына шетелдік қаламгерлер Луи Арагон, Н.Тихонов, Б.Матип, т.б. жоғары баға берді. Әуезов алғашқыда романға “Телғара” деген ат бермек болды. Автордың алғашқы мөлшерлеуінде роман үш кітаптан құралмақшы болатын. Алай-

да жұмыс барысында оның шеңбері кеңейтіле түсті. Әуезов алғашқыда екі кітаптан тұратын “Абай”, онан кейін мұның жалғасы болып табылатын “Абай жолы” (бұл да екі кітаптан тұратын) романын жазды. 1-кітабы 1942, 2-сі 1947, 3-сі 1952, 4-томы 1956 ж. жарыққа шықты. Алғашқы екі кітаптан тұратын “Абай” романы үшін жазушыға КСРО Мемл. сыйлығы (1949) беріліп, төрт томдық “А. ж.” роман-эпопеясы жарық көргеннен кейін, ол Лениндік сыйлықтың лауреаты (1959) атанды. Жазушы ойшыл, ақын Абайды басты кейіпкер етіп ала отырып, айналасына топтасқан көптеген қаһармандармен тығыз қарым-қатынас үстінде жан-жақты ашады. “А. ж.” роман-эпопеясында қазақ халқының этногр., діни, жалпы мәдени-танымдық дәстүрлері: жаз жайлауға көшу, құдалыққа бару мен той жасау, кісі өлімі мен аза тұту, ас беру, жұт, болыс сайлауы, дауға билік айту, аң аулау мен табиғат көріністері,



Е. Сидоркин. “Абай мен әжесі Зере”. М.Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясына салынған иллюстрация. 1960 ж.

т.б. – бәрі бар. Оқиғалар мен фактілерді баяндау үстінде жазушы өмірлік тартысты барынша ашып көрсетуге, оның әлеум. мәнін күшейтуге тырысады. Белгілі фактілердің шеңберімен шектелмей, қажет жағдайда бүкіл баяндаудың барлық желісін бір түйінге келтіру үшін, басты мәселелерді бір арнаға түсіріп, түйістіру үшін болған оқиға барысын өзгертіп, өзінше қиыстырып, жаңғыртады. Роман-

дағы түгелдей немесе жарым-жартылай ойдан шығарылған көптеген кейіпкерлердің тағдырлары өмірде болғандай кескін-кейіпке ие болып, жалпы тарихи даму бағытымен байланысты, біртұтас көркемдік ойдың өзегімен тығыз ұштасып жатады. Тарихи оқиғалар мен фактілердің бәрі роман-эпопеяның бүкіл мазмұнымен тығыз ұштасып, шығарманың көркемдік өміріне орайлас мән-мағынасы басқаша ашыла түседі. Жазушы көркем шығарманың өз заңдылықтары мен мүмкіндіктерін толық пайдалануға күш салды. Яғни жазушы кейіпкердің өмірде болған адамның жай көшірмесі ғана болмай типті тұлға дәрежесіне көтеріліп суреттелуін ұтымды көрді. “А. ж.” эпопеясының ұлттық әдебиетіміз бен мәдениетімізді, ана тілімізді өркендетудегі рөлі орасан



Ү. Әжиев. “Бала Абайдың оқудан ауылға оралуы”. М.Әуезовтің “Абай жолы” эпопеясына салынған иллюстрация. 1969 ж.

зор. Эпопеяның кең мағынасында тарих, этногр. секілді ғылымдар тұрғысынан қарағанда да танымдық мәні аса күшті екенін кезінде акад. Қ.Сәтбаев атап көрсеткен болатын. “А. ж.” дүние жүзі халықтарының 116 тіліне аударылған. 200 томдық “Әлем әдебиеті кітапханасы” топтамасында 2 том болып басылды.

Әдеб.: Нұрқатов А., Мұхтар Әуезов творчествосы, А., 1965; Қаратаев М., Эпостан эпопеяға, А., 1968; Ауэзова Л.М., Исторические основы эпопеи “Путь Абая”, А.-А., 1969; Қабдолов З., Мұхтар Әуезов және оның әсемдік әлемі, А., 1986.

АБАЙТАНУ – қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы. А. ұлы ақынның өмірі мен шығарм-ны, филос., қоғамдық, эстет. көзқарасы, қазақ поэзиясын дамытудағы үлесі, муз. мұрасы туралы жазылған сан-салалы зерттеу еңбектерді қамтиды. Абай өмірі мен шығарм-нын алғаш зерттеушілер А. Байтұрсынов, К.Ысқақұлы, Ә.Бөкейханов, М.Ду-

латов, І.Жансүгіров, Қ.Жұбанов, Ы.Мұстамбайұлы, Ғ.Тоғжанов секілді әдебиет пен мәдениет қайраткерлері болды. 1909 ж. Санкт-Петербургте жарық көрген Абай шығармаларының тұңғыш жинағын, оған кірген Кәкітай жазған ақынның тұңғыш өмірбаяны – А-дың бастамасы, алғашқы деректік арнасы болып табылады. Жинақта ақынның аударма өлеңдерін қосқанда, жүз қырықтай өлеңі мен “Ескендір”, “Масфұт” поэмалары басылған. Осы жинақты тұңғыш жинақтап, дайындап, бастырған Кәкітай Ысқақұлы мен Тұрағұл Абайұлы болатын. Бұрын жарық көрмеген бір топ жаңа өлеңдері 1916 ж. Орынборда Самат Әбішұлы бастырған “Абай термесі” атты кітапта жарияланды. 1922 ж. Ташкентте, Қазанда басылған жинақтар бұрын жарияланған шығармаларды қамтиды. Ақын шығармалары жеке кітап болып басылғанға дейін-ақ халық арасына қолжазба түрінде және ауызша тараған. Байтұрсынов ақын өлеңдерімен 1903 ж. қолжазба арқылы танысқанын айтады. 1914 ж. Мәскеуде жарық көрген “Восточный сборник” атты кітапта Абайдың өмірі мен шығармалары туралы мағлұмат келтіріліп, бірнеше өлеңінің мазмұны орыс тілінде қара сөзбен берілген. Абай өлеңдері төңірегінде 20 ғ-дың 20-жылдарында, одан кейінгі кездерде айтыстартыс көп болды. Осыған орай Байтұрсыновтың “Қазақтың бас ақыны” атты 1913 ж. жарияланған мақаласындағы Абайға берген бағасы, ұлы ақынның қазақ әдебиеті тарихындағы алатын орнын анықтауы, өнерпаздық өзгешелігін, асқан шеберлігін тануы шынайы ғұлама ғылымға тән айрықша көрегендіктің, білгірліктің, өлең сөздің қадірін терең бағалай алатын ақындық сезімталдықтың, талғампаздықтың үлгісі деуге лайық. Бөкейханов, Байтұрсынов, Дулатовқа ілесе Абай шығарм-ны жайында үлкенді-кішілі мақала жазып, ақын өлеңдерін жұртшылыққа танытуға Н.Рамазанов, Ғ.Сағди, Ы.Мұстамбайұлы және Н.Н. Белослюдов, т.б. ат салысты. Ақын шығармаларын жариялауға, олардың 1933 – 57 жылдардағы ғыл. басылымын құрас-

тыру ісіне М.Әуезов орасан зор үлес қосты. Бұл басылымдар ақынның 1909 ж-ғы жинағы мен *Мұрсейіт Бікеұлының* бірнеше қолжазбасы негізінде жүзеге асты. Әуезовтің басшылығымен және тікелей қатысуымен 1957 ж. “Ғылым” баспасынан жарық көрген Абай шығармаларының екі томдық жинағы А. ғылымында елеулі табыс болды. Әуезов ұзақ жылдар бойы ізденіп, сан алуан деректерді зерттеп, жүйеге түсіріп, Абайдың ғыл. өмірбаянын жазып шықты. 1940 – 60 ж. Абай өмірі мен шығарм-нын зерттеу ісі кең көлемде жүргізіліп, жаңа белестерге көтерілді. С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Т.Тәжібаев, Қ.Мұхамедханов, М.Сильченко, Ы.Дүйсенбаев, Б.Ерзакович, М.Мырзахметов, Ғ.Есімов, Ж.Ысмағұлов, Р.Сыздықова, Т.Әлімқұлов, А.Нұрқатов, З.Қабдолов, Т.Қожакеев, Ғ.Есім, Ғ.Мұқанов сияқты ғылымдар А. ғылымына өз үлестерін қосты. 1970 ж. Абайдың туғанына 125 жыл толуына орай шығармаларының жинағын шет тілдерде кітап етіп бастыру ісі жандана түсті. Орыс тілінде ақын шығармалары 1940 жылдан бері он бес рет жеке кітап болып басылды. 1945 – 60 ж. Абай шығармалары жеке жинақ болып Ташкентте өзбек тілінде, Қазанда татар тілінде, Ашәбатта түрікмен тілінде, Бішкекте қырғыз тілінде, Улан-Баторда моңғол тілінде, Пекинде қытай тілінде, Прагада чех тілінде басылып шықты. 1970 ж. Киевте украин тілінде, Ереванда армян тілінде, Минскіде белорус тілінде, Кишиневте молдован тілінде, Ригада латыш тілінде жарық көрді. 1970 ж. Мәскеуде “Прогресс” баспасында араб, ағылшын тілдерінде Абай шығармаларының жинағы басылды. Абайдың 150 жылдық мерекесі қарсаңында жарық көрген ондаған іргелі зерттеулер А-дың ғыл.-теор. деңгейі бұрынғыдан да биіктей түскенін айқын танытты. 1995 ж. жарық көрген “Абай” энциклопедиясында ұлы ақынның өмірі мен шығарм. жолына қатысты қыруар деректер, құнды ой-пікірлер жинақталып, жүйеге келтірілді. Абай шығармаларының ғыл. толық жинағы басылып шықты. Абай шығармаларын жариялау, зерттеу ісіне шет елдерде айрықша мән беріл-

“АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ”

ді. Қытайда проф. Қабайдың “Абай және Абай шығармашылығы” (Пекин, 1987 ж.) атты еңбегі, кейінірек Су Чжоусюннің зерттеу еңбегі мен Абайдың қара сөздерінің аудармалары жарияланды. Чех ғалымы П.Гржебичек Абайдың ақындық жолын арнайы зерттеді. 1995 ж. ұлы ақынның 150 жылдық мерейтойы барысында шет елдердің көптеген әдебиетшілері, қоғам қайраткерлері Абай шығармалары жайлы мақалалар, баяндамалар жасады. Парижде, Стамбұлда, Мәскеуде, Санкт-Петербургте, Киевте, Минскіде, Вильнюсте, Ташкентте, Бішкекте, Қазанда ұлы ақынға арналған салтанатты мәжілістер мен ғыл. конференциялар өткізілді. Абай шығармалары Түркияда, Пәкстанда, Иранда, Қытайда басылды, француз, ағылшын, неміс және басқа тілдерге аударылды.

Әдеб.: Жұмалиев К., Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі, А., 1948; Әуезов М., Әр жылдар ойлары, А., 1959; Мұқанов С., Жарқын жұлдыздар, А., 1968; Мырзахметов М., Абай жүрген ізбенен, А., 1985; соныкі, Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары, А., 1989; соныкі, Абайды оқы, таңырқа, А., 1995; Ахметов З., Абайдың ақындық әлемі, А., 1995.

“АБАЙ ҰРПАҚТАРЫ” – қолжазба журнал. 1939 жылдан бері Семей обл. Абай ауд. Қарауыл а-дағы Абай атынд. орта мектепте оқушылар мен мұғалімдердің күшімен шығып келеді. М.Әуезов 1939 ж. Абайдың 95 жылдық мерейтойы қарсаңында ұлы ақынның туған жерінде, өзінің ақын туралы болашақ романына материал жинап жүріп, елмен кездесу өткізеді. Сонда қолжазба журнал туралы ұсыныс жасап, оны ұйымдастырушылардың бірі болады. Журналдың алғашқы редакторы – Талғат Әбенев. Абай ұрпақтары мен жерлестері туған өлкенің өткен тарихын, ел аузындағы халық әдебиеті үлгілерін, ұлы ақынның шығармаларын, ол туралы естеліктер мен әңгімелерді жинақтады. Журналда Абай туралы өлеңдер мен әңгімелер, нұсқатты сөздер, көркем әңгімелер, естеліктер және т.б. қызықты материалдар жарияланды.

АБАҚАН КЕТЕ АМАНЖОЛ (1846, бұрынғы Сырдария обл. Қазалы уезіне қарасты “Аққыр” болысы – 1916, қазіргі Қызылорда обл.

Қармақшы ауд. Қуандария а.) – ақын. “Сұлу жар ішпей-жемей көңілге тоқ”, “Сөз сөйлейін”, “Ата жолын білейік” атты өлеңдері мен “Ырысты қыз бен 16 ақынның жұмбақ айтысы” атты шығармалары сақталған.

“АБАТ БАТЫР” – “Қырымның қырық батыры” топтамасына енетін эпостық жыр. Жыр ел аузында аңыз, әңгіме түрінде сақталған. *Асан қайғының* ұлы Абат батырдың елінің бостандығы, тәуелсіздігі үшін соғысы, жекпе-жек шайқаста қарсыласы Қайбар батырды өлтіруі жайында суреттеледі. Жыр толық сақталмаған, бұрын еш жерде жарияланбаған. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы Асайын Хангелдіұлы үзік-үзік күйінде қазіргі түсірген нұсқасы ҚР Орт. ғыл. кітапханасының қорында сақтаулы (830 п.).

“АБДОЛЛАНАМЕ” – Хафиз Таныш ибн Мир Мұхаммед әл-Бұхаридің (16 ғ-дың соңы мен 17 ғ-дың басы) тарихи шығармасы. Автордың Бұхара ханы Абдолла II-ге арнаған бұл шығармасы “Шараф нама – ий шаһи” (“Шаһтар даңқы кітабы”), “Зафарнаме” (“Жеңіс кітабы”) деп те аталады. Тәжік әдеби тілімен (парсыша) ұйқасты қара сөз үлгісінде жазылған. “А-де” Абдолла ханның Хорезмге, Дешті Қыпшаққа, Хорасанға, қырғыздарға, Орта Азия мен Иранның бірқатар аймақтарына жасаған, автордың өзі куә болған әскери жорықтары сипатталады. Орта Азия мен Қазақстан халықтарының этник. құрамы, соның ішінде қаңлы, қыпшақ, қарлұқ, ұйғыр, қоңырат тайпаларының әдет-ғұрпы, шаруашылығы туралы мәліметтер бар. Қазақ хандығының 16 ғ-дың 2-жартысындағы сыртқы саясаты, Шығай, Тәуекел, Ақназар хандар туралы деректер, қазақтардың Шайбани әулетімен Сыр бойындағы қалалар (Сауран, Созақ, Иасы, т.б.) үшін күресі, оның саяси мәні көрсетілген. Автор Наршахидің “Тарихи Бухара”, Рашид әд-Диннің “Жами ат-Тауарих”, Мұхаммед Хайдар Дулатидің “Тарих-и Рашиди”, Мирхондтың “Раузат ас-сафа”, т.б. тарихи еңбектерді пайдаланған.

АБДРАХМАНОВ Сауытбек (7.11. 1951 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Қазығұрт ауд.) – журналист, әдебиет-зерт-

теуші, аудармашы, киногер, ғалым, филол. ғыл. канд., Қазақстанның еңб. сің. қызметкері (1998). ҚазҰУ-дың журналистика ф-тін бітірген (1975). 1975 – 87 ж. “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, редакциялық алқа мүшесі болды. 1987 – 90 ж. Қазақстан КП ОК-нде нұсқаушы, мәдениет секторының меңгерушісі, 1990 – 95 ж. ҚР Президенті және Министрлер Кабинеті аппаратында ішкі саясат бөлімі меңгерушісінің орынбасары, 1997 – 2000 ж. “Қазақстан теледидары мен радиосы” республикалық корпорациясының бірінші вице-президенті, 2000 – 2003 ж. “Егемен Қазақстан” республикалық га-



С. Абдрахманов

зеті ашық акционерлік қоғамының президенті, 2003 – 2004 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрі қызметтерін атқарды. Қазір “Егемен Қазақстан” республикалық газеті ашық акционерлік қоғамының президенті. “Біздің Пушкин”, “Тәуелсіздік шежіресі”, “Азамат күнтізбесі”, “Елдік сыны” кітаптарының, “Париж. ЮНЕСКО. Әуезов”, “Қажылық”, “Ертегілер еліндегі екі күн”, “Мадридтегі мереке”, “Мәңгілік мұрат”, “Армысың, Астана!”, “Биіктік” фильмдерінің авторы. Қырыққа жуық көркем фильмді, В.Солоухиннің шығармаларын, Д.Кабалевскийдің “Сырлы саз бен сезім сұлу” кітабын, арабтың “Бейбарыс сұлтан” атты халықтық романын қазақ тіліне аударды. “Жиырмамыншы ғасыр жырлайды” атты қазақ поэзиясы антологиясының құрастырушы-авторы. Орыс ақыны А.С. Пушкиннің “Евгений Онегин” романының қазақ тіліне аударылу тарихы, поэзия аудармасының

эволюциялық жолы, суретші Орал Таңсықбаев шығарм-ы жөнінде зерттеулер жазды. Журналистика саласындағы Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты.

АБДУЛЛИН Хамза Жармұхамедұлы (10.2.1919, Солт. Қазақстан обл. Булаев ауд. Калинин а. – 10.2.2001) – ақын. Петропавл агротехникумын (1932), Омбы қ-ндағы ауыл шаруашылық жұмысшылар ф-тін (1936) бітірген. Солт. Қазақстан обл. халық аярту бөлімінде қызмет атқарған (1936 – 37). Алматыда Қазақстан коммунистік журналистік ин-да оқыған (1937 – 1940 ж.). 2-дүниежүзілік соғысқа қатысып, тұтқынға түскен. Тұтқындар лагерінен *М.Шоқайдың* бастамасымен құрылған “Түркістан легионы” құ-



Хамза Абдуллин

рамына алынып, *М.Айтбаев* сынды ақындармен бірге болған. Соныс аяқталған соң, елге оралып, әміршіл-әкімшіл жүйенің саяси қуын-сүргінін басынан кешті. Кейін “Социалистік Қазақстан” (қазіргі “Егемен Қазақстан”) газетінде, “Жаңа фильм” журналында қызмет істеген. А-нің алғашқы өлеңдері, очерктері, әңгімелері мен фельетондары 1936 жылдан бастап баспасөз бетінде жарық көре бастады. 1940 ж. Бүкілқазақстандық әдеби конкурсқа қатысып, “Шойын жолда” атты дастаны бірінші бәйгеге ие болды. А. аудармамен де шұғылданаған. Оның аудармасының ішіндегі шоқтығы биігі – грузин ақыны Шота Руставелидің “Жолбарыс тонды жаһангез” дастанының қазақ тіліндегі аудармасы. А. бұдан басқа орыс, татар, башқұрт, қырғыз, өзбек, неміс ақындарының да жекелеген өлеңдерін қазақ тіліне аударды.

Ғұмырының соңында “Түркістан легионы” құрамында болған қазақ азаматтары туралы құнды естеліктер жазып қалдырды. Медальдармен марапатталған.

Шығ.: Теңізден-теңізге. Өлеңдер. А., 1965; Ш. Руставели. Жолбарыс тонды жаһангез (аударма). Дастан. А., 1974.

АБДУЛЛИН Хизмет Әбдімүталипұлы (10.10.1925, Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Баяндай а. – 5.3.1986, Алматы) – жазушы. 1951 – 55 ж. Алматыда шығып тұратын “Жаңа өмір” журналы редакциясында әдеби қызметкер, бөлім бастығы және жауапты хатшы, 1955 – 80 ж. ұйғыр тілінде шығатын “Иеңи һаят”, “Коммунизм туғи” газеттерінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы қызметтерін атқарды. Қазақстан Жазушылар одағында Қазақстандағы



Хизмет Абдуллин

ұйғыр әдебиеті секциясын басқарды. А. шығармаларының негізгі өзегін ел қорғау, бостандық жолындағы күрес, болашаққа деген сенім, махаббат, адамгершілік мәселелері құрайды. Шет елдегі ұйғырлардың өміріне арналған “Турфан аясында” романы, “Ауылдастар”, “Тағдыр”, “Отты шеңбер”, “Жылдарға жауап”, “Гүлстан” сияқты повестер мен әңгімелер жинақтары, “Анаят”, “Давутжан” атты өлеңдер мен поэмалар жинақтары бар. “Тас түйін” аталатын повестер мен әңгімелер жинағы қазақ тілінде жарық көрді. Ол А.С. Пушкин, М.Ю. Лермонтов, Л.Н. Толстой, Р. Тагор, М.В. Исаковский шығармаларын ұйғыр тіліне тәржімалады.

Шығ.: Гүлстан. Повесть. А., 1952; Некаялар. Өлеңдер. А., 1953; Анайәт. Тарихи поэма. А., 1956; Давутжан. Поэма мен өлеңдер. А., 1960; Турпаң төвәсидә. Роман. А., 1968; Тағдыр. Роман. А., 1970; Бархандар. Әңгімелер. А., 1972; Екі томдық

таңдамалы шығармалары А., 1983 – 84.

АБДУЛХАЙ Мұхаммади (1901, Алматы обл. Еңбекшіқазақ ауд. Байсейіт а. – 1937) – ақын. 1919 – 26 ж. Ташкент, Мәскеу жоғары оқу орындарында білім алып, Орта Азия ун-тінде оқытушы болған. Ұйғыр балалар әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі. Өлеңдері 20-дың 20-жылдарынан жариялана бастаған. “Балаларға сыйлық” (1934, Н.Исраиловпен бірге), “Жас гүлдер” (1935) жинақтары жарық көрген. “Революцияшыл Шығыс” альманағын басқара жүріп, А.Розыбакиевпен бірге “Алғашқы адым” жинағын шығарған.

Әдеб.: Хамраев М., Веков не умирающее слово, А.-А., 1969.

АББРЕВИАТУРА (лат. ab – бастапқыдан, brevio – қысқарту) – сөз тіркесінің қысқартылып жазылған түрі. 1) Инициалдық А. қысқартылып жазылған сөз тіркесіндегі басқы әріптерден немесе дыбыстардан ғана құралады. Мыс., ҚР (Қазақстан Республикасы), ҰҒА (Ұлттық ғылым академиясы). Сондай-ақ, т.б. (тағы басқалары), т.с.с. (тағы сол сияқты) сияқты А-лары да қолданылады; 2) Буындық А. сөз тіркесіндегі сөздердің бастапқы буындарынан немесе алғашқы сөздегі бастапқы буын мен соңғы сөздің тұтастай тіркестірілуінен құрылады. Мыс., Қазақпарат (Қазақ ақпарат агенттігі), ұжымшар (ұжымдық шаруашылық). Аббревиатура ғыл. әдебиетте, баспасөзде, ресми құжаттарда көп қолданылады. Арагідік көркем әдебиетте де кездесіп отырады.

АБСТРАКЦИОНИЗМ (лат. abstractio – дерексіздік) – әдебиетте, кескін мен мүсін өнерінде 20 ғасырдың басында пайда болған ағым. Абстракциялау – жалпылану, белгісіздену ұғымдарын білдіреді.

АБЫЗ дәстүрлі көшпелілер қоғамындағы ғұлама, әулие, көріпкел адам. А. тайпа, ұлыс өміріне, ел басқару ісіне, жорық жасау мәселесіне араласып отырған саяси тұлға болған. Бақсылар мен шамандардан гөрі өзгеше қызмет атқарған, әскери ырымдарды жүзеге асырған, жортуыл сәуегейі болған. Шәкерімнің “Еңлік-Кебек” дастанында Нысан Абыз дәстүрлі қазақ қоғамындағы әулие адам тұлғасында сипатталады.

АБЫЛ

АБЫЛ Тілеуұлы (1777, Маңғыстау – 1864, Маңғыстау, Қаратөбе) – ақын. Әкесінің есімі Тілеу, атасының есімі – Өтембет. Ақын жырлары Қарақалпақстан, Түрікменстан, Иран, Ауғанстан, Түркиядағы қазақтардың арасына кеңінен таралған. Шығармаларының арқауы адамгершілік, ерлік, елдікті дәріптеу. Хиуа ханына қарсы соғысқан қазақ батырларын жырға қосқан. “Сексеннің біз де келдік жетеуіне”, “Отырған қарсы алдымда Қанымайым”, “Қар жауар күн-түн оның қабағынан”, “Сүйінқараны жоқтау”, “Құлбарақ батырға”, “Арымақ атта сын болмас”, “Естірту”, “Кәрілік” т.б. толғаулары – өмір мәнін, сырын бейнелейтін өсиетті, өнегелі жырлар. А. сонымен қатар айтыс өнерінің шебері болған. Оның “Балдай қызбен айтысы”, “Нұрымды сынауы”, “Сұшы қызбен сөз жарыстыруы”, “Шерниязбен кездесуі” сияқты айтыстары бар. Ол *“Қырымның қырық батыры”* дастандарын да жырлаған. Алғаш баспасөзде жарияланған толғауы – “Арымақ атта сын болмас” (1924, Ташкент, “Сана” № 2, 3) А. толғаулары “Ертедегі әдебиет нұсқалары” (1957), “Ақберен” (1972), “Өсиетнама” (1982), “19 ғасырдағы қазақ поэзиясы” (1985), “Бес ғасыр жырлайды”, “Жыр-дария” (1995) жинақтарында жарияланған.

“АБЫЛАЙ ХАН” – тарихи жыр. Жыр Қытайдың Шыңжаң аймағында тұратын қазақтардың арасында кең таралған. Авторы белгісіз. Жыр Абылайдың балалық шағынан басталып, ер жету, қол бастау, ел билеу жолын көркем баяндап, соңын Абылайдың өлімімен аяқтайды. Жырда сөз болатын оқиғалар мен адамдар нақтылы өмірде болған. Жыр Шыңжаң тұрғыны Шерияздан Сұлтанбайұлынан жазып алынып, тұңғыш рет Қытайдың “Ұлттар” баспасынан жарық көрген 4 томдықта (1985), одан кейін “Абылай хан” атты кітапта (А., 1993), “Қазақ халық әдебиеті” көптомдығының 1-ші томында (1995) жарияланды.

АБЫЛАНОВ Сыдық (1894, Жамбыл обл. Байзақ ауд. Кеңес а. – 1938, Шымкент қ.) – қоғам қайраткері, журналист, драматург. Т.Рысқұлов ұйымдастырған Қырғыз (қазақ) жастарының рев. одағының белсен-

ді мүшесі болды. Әулиеата уезінің алғашқы оқу халық комиссары қызметін атқарды, 1923 – 24 ж. оқу коммунасын басқарды. 1924 – 38 ж. Ташкентте, Қарақалпақстанда, Ақтөбе мен Петропавлда, Қызылордада партия және оқу-ағарту саласында басшы қызметтер атқарды. 1933 – 38 ж. Респ. радио к-ті төрағасының орынбасары болды. Оның “1916 жыл”, “Екіталай”, “Күндеспейтін қатын”, т.б. пьесалары бойынша қойылған спектакльдері (реж. Ж.Шанин) Қызылордада ашылған Қазақ драма театрының ре-



С. Абыланов

пертуарын жаңа шығармалармен толықтырды. 1938 ж. саяси қуынсүргіннің құрбаны болды.

АБЫЛҚАСЫМОВ Болатжан Шайзадаұлы (8.4.1950 ж.т., Шығ. Қазақстан обл. Үржар ауд. Қабанбай а.) – ғалым, филол. ғыл. докт. (1994),



Б. Абылқасымов

проф. (1996). ҚазҰУ-ды бітірген (1973). 1973 – 92 ж. Әдебиет және өнер ин-тында аға лаборант, кіші ғыл. қызметкер, ғылым-хатшы, 1992 – 2000 Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тының деканы қызметтерін атқарған. 2000 жылдан Қазақ мемл. қыздар пед. ин-тында кафедра

меңгерушісі. “Жамбыл және халық поэзиясы” (1975), “Қазақ тарихи жырларының мәселелері” (1979), “Фольклор шындығы” (1989), “Қазақ фольклорының тарихилығы” (1993), “XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті” (1994), “Әдебиет терминдерінің сөздігі” (1996), “Әдебиеттану” (1998), “Қазақстан. Ұлттық энциклопедия” (1999), “Қазақ әдебиеті (энциклопедия)” (2000), “Қазақ әдебиеті мен өнерінің мәселелері” (2001), “Айтыс: бүгінгі мен болашағы” (2003), т.б. ұжымдық еңбектердің авторларының бірі “Әсет Найманбаев” (1988) кітабының құрастырушысы.

Шығ.: Жанр толғау в казахской устной поэзии. Монография. А.-А., 1984; Академик М.С. Сильченко. Библиографиялық анықтама. А., 1988; Телқоңыр. Монография. А., 1993; Көкбай ақын. Оқу құралы. 1998; Наным-сенімдер ұрпының фольклоры. Хрестоматия. А., 2004.

АВАНГАРДИЗМ (франц. *avant-gardisme* – алғы шептегілер) – қалыптасқан қағидалар мен дәстүрден, тіпті шынайы өмір шындығынан да алшақтай отырып, көркем өнер мен әдебиетті жаңғыртпақ болған өнер адамдарын топтастырған ағым. А. негізінен Батыс Еуропада пайда болып, 20 ғ-дың 10 – 20-жылдары өнер мен әдебиетте толық қалыптасты. А. көрінісі әлем әдебиетінде И.Р.Бехер, П.Элюар, Н.Хикмет, В.В.Маяковский, В.Незвал, т.б. шығармаларынан анық байқалады.

АВТОНИМ (грек. *autos* – өзі, *нағыз* және *опума* – есім) – бүркеншік атпен жазатын автордың шын аты-жөні. Мыс. Стендальдың нағыз есімі – Анри Мари Бейль. Қазақ әдебиетінде де оқырман қауымға өзінің нағыз аты-жөні емес, бүркеншік есімімен танылған жазушылар да бар. Мыс. Әкім Таразидың нағыз есімі – Әкім Үртайұлы *Әшімов*.

АВТОР (лат. *auctor* – жаратушы, негізін қалаушы) – көркем шығарманы, ғылыми публицистикалық туындыны, сәулеткерлік дүниелерді, жобаларды, өнертабысты жазған, жасаған адам.

АВТОР БЕЙНЕСІ – әдеби шығармадағы жазушының өз тұлғасының көріну қалпы. Әр жанрдағы шығармаларда А. б. әр түрлі дәрежеде, әр қырынан аңғарылады. Эпикалық

шығармаларда автор негізінен алғанда оқиғаны баяндаушы болады. Ал драмалық шығармада автор оқиғаның даму барысынан мүлде сырт тұрады. Поэзиялық шығармаларда автор, негізінен, лирикалық тұлға ретінде танылады. Лирикада ақынның ішкі сыры, сезімі, толғанысы яғни жеке авторлық тәжірибесі басқа жанрларға қарағанда айқын, анық бедерленеді. Өмір шындығын оқырман лирикалық тұлға позициясында автордың көзімен қарап, танып біледі. Лирикалық кейіпкер автордың өлеңмен жазылған тікелей өз көшірмесі емес, жинақтала келіп, белгілі бір нақтылы сипатты иеленген көркем бейне болып шығады.

АВТОРЛЫҚ ҚОЛЖАЗБА – әдеби шығарманың автордың өз қолымен жазылған түпнұсқасы. А. қ. шығарманы жариялау кезінде оның қандай өзгеріске ұшырағанын білуге, пайымдауға, қажет жағдайда ғылыми-текстологиялық түзетулер жасап, алғашқы нұсқасын қалпына келтіруде мүмкіндік береді.

АҒАШАЯҚ, Берікбол Көпенұлы (1861, Шығ. Қазақстан обл. Абай ауд. Мұқыр а. – 1932, сонда) – әнші, ақын, домбырашы, күйші. Ел аралап, жиын-тойларда түрлі ойындар көрсеткен. А. өнердің бірнеше түрін меңгерген. Ол әнші-күйшілік, домбырашылық, ақындық өнеріне қоса биші, бесасап спортшы болған. Оның “Ағашаяқ”, “Жиырма бес”, “27 қыз”, “Жеті ән”, “Ой, дүние, кемпірім-ай”, “Аяғым-ай”, “Ахахау-ахау”, “Жетім әні”, “Ұмпа-ұмпа парадай”, “Күдіреттің кертайы-ай” сияқты күлдіргі әндері халық арасында жиі орындалады. Әміре Қашаубаев А-тың “Ағашаяқ” әнін Париж сахнасында орындаған. Әміреден оны А.Затаевич жазып алып, нотаға түсіріп “Қазақтың 500 ән-күйі” кітабында жариялады (1933).

Әдеб.: Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. А., 1963., Затаевич А.В. 500 казахских песен и кюев. А., 1933., Алтынбаев Қ. Қалбатау. А., 1997. 115-121 б.

АҒАШАЯҚ, Назаролла Жүндібайұлы (1818, бұрынғы Семей обл. Өскемен уезі, Делбегетей болысы, Сапақ а. – 1898, қазіргі Шығ. Қазақстан обл. Жарма ауд. Саттық

қыстаы) – әнші-ақын, өнерпаз. “Беташар”, “Билерге”, “Баласы Жүндібайдың атым Назар”, “Атандым өзім Назар Ағашаяқ”, “Жарқылдадым жас күнде”, “Кәрілік” секілді өлеңдері көңіл күйді, өмірден көріп түйгендерін мысқыл, нақыл сөздері арқылы білдіреді. Оның “Қара жорға”, “Ау, жаным, Жәнікей-ау”, “Сары өзен” әндері ел ішіне кең тараған. А. өлеңдері Әдебиет және өнер ин-ның Қолжазбалар орталығында сақтаулы.

АҒАШАЯҚ (шын аты Рақымберді) – 19 ғ. да қазіргі Алматы обл. Райымбек ауданында өмір сүрген белгілі өнерпаз-әнші. “Ағашаяқ”, “Қалды-ау, қалды-ау, қыз қалды-ау” әні арқылы есімі ел есінде сақталған.

“АҒЫБАЙ БАТЫР” – тарихи жыр. Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысына белсене қатысқан батыр Ағабай Қоңырбайұлының (1802 – 1885) ерлік істерін баяндайды. Жырдың екі нұсқасы сақталған. Бірінші нұсқасында (қарағандылық жыршы Тәужи Айнатасовтан жазылып алынған) Кенесарының Түрікмен елінен бір тұлпар әкеп беру туралы өтінішін орындауға аттанған Ағабай батырдың сапар кезіндегі ерліктері баяндалады. Бұл нұсқа толық емес. Екінші нұсқасы ақын, халық ауыз әдебиетін жинаушы Нұрғали Бейсеновтен 1949 ж. жазылып алынған. Онда Ағабай батыр қалмақпен соғысып, ерлік көрсетеді, даңқы бүкіл елге жайылған қолбасшы атанады. Екі нұсқа да он бір буынды қара өлеңмен жазылған. “А. б.” жырының нұсқалары Орт. ғыл. кітапханасында және Әдебиет және өнер ин-ның Қолжазбалар орталығында сақтаулы.

АДАЙ Сабыр (30.9.1960 ж.т., Қарақалпақстан) – ақын. Алматы эстрада-цирк колледжінің күй класын бітірген (1981). Бат. Қазақстан ун-нде оқыған (1981). Ұзақ жылдар мәдениет саласында еңбек еткен. Қазір респ. “Үш қиян” баспасында қызмет істейді. “Таңғы нөсер”, “Кетемін көкке жұлдыз боп”, “Жұмбақ түннің жылуы”, “Әр қазақ – менің жалғызым”, т.б. жыр жинақтары шыққан.

АДАМБАЕВ Балтабай Әбдірахманұлы (24.9.1919, Жамбыл обл. Сарысу ауд. Байқадам а. – 12.10.1990,

Алматы) – ақын, жазушы, ғылым, филол ғыл. канд. (1962). Жамбыл пед. уч-щесін (1947), ҚазҰУ-ды (1951) бітірген. Біраз жыл Жамбыл қ-ндағы № 38 қазақ орта мектебінде ұстаздық еткен. Әдебиет және өнер ин-тында кіші, аға ғыл. қызметкер болды (1957 – 86). “Сырларым” (1959), “Ақбөбек” (1962), “Аманат” (1972), “Тұлпардың ізімен” (1983) атты өлең жинақтары, “Мәди” (1969), “Жауынгер жолы” (1978) повестер мен деректі әңгімелер кітабы жарық көрді. Қазақ халқының ауыз әдебиетін, оның ішінде шешендік сөздер мен мақал-мәтелдерді зерттеді. Шешендік сөздер туралы “Шешендік” (1969), “Халық даналығы” (1976), “Қазақтың шешендік өнері” (1984) деп аталатын моногр. зерттеу еңбектері жарық көрді. “Қазақ ертегілері” (1962), “Шешендік сөздер” (1967), “Ел аузынан” (1985) жинақтарын құрастыруға қатысты. 1-дәрежелі “Отан соғысы” орденімен марапатталған.

АДАМБЕКОВ Садықбек (15.11.1922 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Арыс ауд. Қараспан а. – 15.1.2002) – жазушы, ақын, драматург, сықақшы. Қызылорда пед. ин-тын (қазіргі Қорқыт ата атынд. мемл. ун-ті) бітірген. 1945 – 68 жылдары “Оңтүстік Қазақстан”, “Қазақ әдебиеті” газеттерінде және “Жұлдыз”, “Ара – Шмель” журналдарында қызмет атқарды. “Қожанасыр қақпасы” (1959), “Көсенің көзі” (1961), “Аюбайдың ажалы” (1981) атты жинақтары, қазақ әдебиетіндегі тұңғыш сатиралық роман “Атылған қыз” (1969, 1977, 1988) шығармасы жарық көрді. А-тің жекелеген шығармалары шет ел тілдеріне аударылды. 1982 ж. шығармаларының екі томдығы жарық көрген.

АДАМБЕКОВ Ыхлас (1912, Қарағанды обл. Шет ауд. № 3 а. – 1941) – жазушы. 1931 – 32 ж. Қоңырат ауд. комсомол к-тінде меңгеруші, 1934 – 35 ж. “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”) газетінде әдеби қызметкер, 1938 – 39 ж. Қазақ көркем әдебиет баспасында жауапты хатшы, 1939 – 41 ж. Қазақ КСР Халық ағарту халкоматының өнер басқармасында редактор болып қызмет істеген. “Достар жүрегі” кітабының, “Қызыл әскер маршы”, “Алатау” секілді

АДАПТАЦИЯ

30 шақты ән мәтіндерінің авторы. *Ә.Әбішевпен* бірігіп “Қамбар батыр” операсына либретто жазған.

АДАПТАЦИЯ (лат. *adapto* – бейімдеймін) – әдеби шығарманың белгілі бір ортаға, әдетте, дайындығы төмен оқырманға лайықталып, солардың қабылдауына бейімделіп қайта жазылуы. Бұл тәсіл балаларға күрделі шығармаларды ұғымды түрде таныстыру үшін қолданылады. Мыс. Гомердің “Одиссея” мен “Илиадасының” осылай жасалған нұсқалары бар. Әдеби мәтінді бейімдеу шығарма мазмұнына терең бойлауды, автордың стилін сақтауды талап етеді. А. қазақ әдебиетінде де кездеседі. Мыс. “Қамбар батыр”, “Алпамыс”, “Қобыланды батыр” эпосы қазақ, орыс тілдерінде қарасөзбен қысқаша қайта баяндалып, жеке басылым болып шықты.

АЖАР Жұртыбайқызы, Соқыр Ажар (1865, қазіргі Қарағанды обл. Қарқаралы ауд. – ө.ж.б., сонда) – әнші, ақын. Жеті жасында қорасан ауруынан екі көзі бірдей соқыр болып қалады. Ел арасында Соқыр А. деген атпен белгілі болған ақын жиын-тойға жиі қатысып, Жапар, Уақит деген ақындармен айтысқа түседі. 1884 ж. Қоянды жәрмеңкесінде ақын *Шашубай Қошқарбайұлымен* айтысып, жеңеді. А. Абаймен кездесіп, оны өзіне ұстаз тұтқан, өлеңдерін жатқа айтып, халық арасына таратқан. А. мен Уақит айтысы “Айтыс” жинағына (1965, 1-т) енген. “Жұртыбайдың қызы едім, атым Ажар” деген өлеңі “XIX ғасырдағы қазақ поэзиясы” жинағында (1985), Шашубаймен айтысы “Қазақ халық әдебиеті” жинағының 9-шы томында жарияланды. Ақын Орт. ыл. кітапхананың Қолжазбалар қорында сақтаулы.

“АЗАТ ӘЙЕЛ” – бір күндік газет. Қазақстан Компартиясы ОК-нің жанындағы әйелдер бөлімі 1925 ж. 8 наурызда шығарған. Онда А. Оразбайқызының, Н.Арыққызының, Ш.Иманбайқызының мақалалары мен өлеңдері басылды. Қазақ әйелдеріне арналған осы тұңғыш, бір күндік газеттің жарық көруі үлкен тарихи оқиға болды. 1925 ж. 5 мамыр күні осы басылымның негізінде “Теңдік” газеті шығарыла бастады.

АЗАМАТОВ Юлдаш Абдықадырұлы (8.6.1947 ж.т., ҚХР. Текес қ.) – жазушы. ҚазҰУ-ды бітірді (1971). 1971 – 87 ж. “Коммунизм туи” (қазіргі “Ұйғыр авази”) газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарды, Алматы обл. партия к-тінде жауапты қызметте болды. 1987 жылдан “Ұйғыр авази” газетінің бас редакторы. Әр жылдарда “Жоғалған пышақ” (1977), “Ядигардың атасы” (1980), “Ұмыт” (1984), т.б. прозалық кітаптары жарық көрген. Орыс жазушысы А.Гайдардың бірнеше повестерін ұйғыр тіліне аударған. Әңгімелері қазақ, орыс, өзбек, қырғыз тілдеріне аударылған. Қазақстан Журналистер одағы сыйл. лауреаты.

АЗАМАТТЫҚ ЛИРИКА – лирикалық поэзияның әлеум. мәселелерді қозғайтын үлкен бір саласы. Қазақ әдебиетіндегі А. л. түрлеріне *Абайдың*, С.Торайғыровтың өлеңдерін жатқызуға болады. 20 ғдың бас кезіндегі бұл сарын *А.Байтұрсынов*, *М.Жұмабаев*, *М.Дулатов* поэзиясында үлкен әлеум. маңызға ие болды. А. л-ның тамаша үлгілерін *С.Сейфуллин*, *І.Жансүгіров*, *С.Мұқанов*, *Т.Жароков*, *Ғ.Орманов*, *Қ.Аманжолов*, *Ә.Тәжібаев*, *Х.Ергалиев*, *Қ.Бекхожин*, *С.Мәуленов*, *М.Мақатаев*, *Қ.Мырза Әлі*, *Т.Молдағалиев*, *Ж.Нәжімеденов*, т.б. шығармаларынан табуға болады. Қоғамдық өмірдің ең көкейкесті мәселелері халықтың тағдырына, мүдделеріне, келешегіне байланысты сарындар А. л-ға арқау болды. А. л. өз дәуіріне байланысты әр кырлы болуы мүмкін.

АЗАТ ЖОЛ, абзац – қара сөздегі мәтіннің әр бөлімінің алдыңғы жолын тұтас қатардан сәл шегіндіріп бастау. Бұл мәтіннің мағына жағынан бірыңғай тиянақты бөліктерін бір-бірінен ажырату үшін қажет. Логикалық мазмұн тұрғысынан мәтіннің бір тынысты кезеңін бөліп алып отыру, ой желісін дұрыс ширатып, әрбіте жүйелеуге өте ыңғайлы. А. ж. мәтіннің түсінікті, түйінді, тұжырымды болуына септігін тигізеді.

АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ АССОЦИАЦИЯСЫ – халықаралық әдеби ұйым. 1967 ж. Бейрутта құрылған. Азия және Африка елдерінің 78 ұйы-

мын біріктірді. Бас кеңсесі Гаванада орналасқан. 1968 жылдан ұйымның “Лотос” альманағы шығарылды, 1967 жылдан бастап ұйым лауреаттарына жыл сайын “Лотос” әдеби сыйлығы беріледі. Ассоциация Азия және Африка елдерінің әдеби күштерін біріктіріп, олардың ұлттық тәуелсіздік, әлеум. прогресс, демократия жолындағы іс-қимылдарына жәрдемдесті.

АЗОВСКАЯ Татьяна Николаевна (8.10.1948, Орал қ.) – ақын. ҚазҰУ-ды бітірген (1973). Семей обл. “Иртыш” газетінде тілші, Ақтөбе драма театрында әдеби қызметкер, Бат. Қазақстан обл. “Приуралья” газетінде тілші қызметтерін атқарған. “Благодарю судьбу” (1980), “Письмо из Осени” (1981), “Смуглое лето” (1985) атты өлеңдер жинағы жарық көрген. “Жігер” жастар шығарм. фестивалінің лауреаты (1981).

АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯЛАРЫ – екі құрлық елдері жазушыларының халықаралық әдеби жиыны. 1956 ж. 23 – 28 желтоқсанда Делиде өткен Үндістан жазушылары мен Азия елдері жазушыларының конференциясында Кеңес Одағы делегациясы Азия



Азия және Африка елдері жазушыларының конференциясы. Алматы, 1973 ж.

және Африка елдері жазушыларының конференциясын өткізіп тұрды ұсынды. Азия мен Африка елдері жазушыларының 1-конференциясы 1958 ж. 7 – 13 қазанда Ташкентте өтті. Бұл конференцияға Азия мен Африканың 37 елінен, Еуропа мен Американың 13 елінен әдебиетшілер қатысты. Конференцияның алғашқы төрағасы болып өзбек ақыны Зүлфия Исраилова, орынбасарларының бірі болып қазақ жазушысы *Ғ.Мүсірепов* сайланды. *Азия және Африка жазушыларының Ассоциациясын* құру жөнінде, Халықар. “Лотос” сыйлы-

ын белгілеу туралы шешім қабылданды. Екінші конференция 1962 ж. 12 – 16 ақпанда Каирда, үшіншісі 1967 ж. 25 – 30 наурызда Бейрутта өткізілді. Төртіншісі 1970 ж. 17 – 20 қарашада Делиде, бесіншісі 1973 ж. 4 – 9 желтоқсанда Алматыда, алтыншысы Анголаның астанасы Луандада 1974 ж. 26 маусым – 1 шілде аралығында, жетіншісі 1983 ж. Ташкентте, сегізіншісі 1988 ж. 21 – 25 қазанда Тунисте өтті. Форумда делегаттар бейбітшілік, ұлттық тәуелсіздік, халықтарынтымағы жайында мәселе көтеріп, пікір алысты.

АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ЕЛДЕРІ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ СИМПОЗИУМЫ – халықар. әдеби форум. 1968 ж. 20 – 24 қыркүйекте Ташкент қ-нда өткен. Симпозиум екі құрлық жазушылары Ташкент конференциясының 10 жылдығына арналды. Негізгі жұмыс тақырыбы “Әдебиет және қазіргі заман” деп аталып, ол “Жазушының әлеуметтік прогресс және халықтар бостандығы үшін күрес жолындағы ролі”, “Классикалық мұра және қазіргі әдебиет” деген бағытта өтті. Симпозиумға 35 елден, оның ішінде Еуропа, Америка, Австралия және КСРО-дан көрнекті жазушылар қатысты.

“АЙ” – жасөспірімдерге арналған әдеби-көркем журнал. 1994 ж. “Ақ желкен” журналының қосымшасы ретінде орыс тілінде, Алматыда жарық көрді. Тоқсан сайын шығады. Көлемі 8 баспа табақ. Тұңғыш редакторы Ф.Оңғарсынова. Журналда жасөспірімдерге арналған тарихи, ғыл. танымдық және тәрбиелік мәні мол материалдар, сондай-ақ, талапкер мектеп оқушыларының әдеби шығармалары жарияланды.

АЙБАСОВ Бірмұхамед (1895, бұрынғы Ақмола обл. Атбасар уезі Ұлытау болысы – 28. 2.1938, Алматы) – қоғам қайраткері. А. ш. уч-щесін (Омбы, 1917), Қызыл профессура ин-тын (Мәскеу, 1933) бітірген. “Бірлік” мәдени-ағарту ұйымы басқармасының хатшысы, Ақмола уезі қазақ к-тінің және “Жас қазақ” ұйымының белсенді мүшесі, 20-жылдары Ақмола обл. жербасқармасының бастығы, Семей губ. “Қосшы” одағының төрағасы (1925 – 28), Қазақ а. ш. кооперация одағы мал. ш. бөлімінің бастығы, өлкелік кооперация техникумының директоры (1928 – 31) қызметтерін атқарған. Байларды тәркілеуде, қазақ шаруаларын ұжымдастырудағы асыра сілтеушілікке қарсы шыққандығы үшін қуғынға ұшырады. 1933 ж. И.В. Сталинге жазылған “Алтаудың хаты” авторларының бірі. Түрген қой кеңшары саяси бөлімінің (Алматы обл.) бастығы (1933 – 35), Қазақ партия баспасының редакторы (1935 – 37) болды. “Айқап”, “Қазақ” басылымдарында өлеңдері мен мақалалары жарияланған. Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны. КСРО

перация техникумының директоры (1928 – 31) қызметтерін атқарған. Байларды тәркілеуде, қазақ шаруаларын ұжымдастырудағы асыра сілтеушілікке қарсы шыққандығы үшін қуғынға ұшырады. 1933 ж. И.В. Сталинге жазылған “Алтаудың хаты” авторларының бірі. Түрген қой кеңшары саяси бөлімінің (Алматы обл.) бастығы (1933 – 35), Қазақ партия баспасының редакторы (1935 – 37) болды. “Айқап”, “Қазақ” басылымдарында өлеңдері мен мақалалары жарияланған. Саяси қуғын-сүргіннің құрбаны. КСРО



Б. Айбасов

Жоғ. Соты әскери алқасының 28.2.1958 ж. шешімімен ақталған.

АЙБЕРГЕНОВ Төлеген (3.3.1937, Қарақалпақстан, Қоңырат ауд. Қоңырат а. – 29.8.1967, Нөкіс) – ақын. Ташкент пед. ин-тын бітірген (1959). 1959 – 62 ж. Қоңырат ауд-ндағы ор-



Т. Айбергенов

та мектепте мұғалім, 1962 – 65 ж. Шымкент обл. Сарыағаш ауд-ндағы орта мектеп директоры, 1965 – 67 ж. Қазақстан Жазушылар одағының әдебиетті насихаттау бюросында ұйымдастырушы қызметтерін атқарған. Алғашқы шығармалары 1957 жылдан респ. газет-журналдарда жариялана бастады. Алғашқы бір

топ өлеңдері 1961 ж. “Жас дәурен” атты жас ақын-жазушылар шығармалары жинағына енді. Қазақ поэзиясына өзіндік жаңа ырғақ, тегеурінді екпін әкелген поэтикалық жыр кітаптары: “Арман сапары”, “Өмірге саяхат” (екеуі де – 1963), өзі қайтыс болған соң, “Құмдағы мұнаралар” (1968; Қазақстан Комсомолы сыйл., 1974), “Мен саған ыштық едім” (1970), “Аманат” (1975), “Бір тойым бар” (1981, 1989), балаларға арналған “Бақшаға саяхат” (1985), т.б. жыр кітаптары жарық көрді. Орыс тілінде “Мир созвездий” деген атпен таңдамалы жырлары аударылып басылды (1987). Бірқатар өлеңдері “Поэты Казахстана” (1977), “Струны домбры” (1979), “Степновы ритмы” (1983, екеуі де украин тілінде) деген жинақтарда жарияланды. 1997 ж. ақынның “Таңдамалы өлеңдер” жинағы мен ол туралы жазылған “Біргемін мен сендермен” атты естелік кітап, 2001 ж. “Бір тойым бар” атты жыр кітабы жарық көрді. “Жалын” журналы тағайындаған, жас ақындарға берілетін Т.Айбергенов атынд. әдеби сыйлық бар.

АЙДАБОЛ Сүйіндікұлы (т. ө. ж. б., Ташкент маңы) – би, шешен. “Айдабол би айтқан екен” деген ыратты сөздер ел аузында нақыл болып қалған. Оның әділдігі сондай, бір дауда “Төрелігім дұрыс болмаса, ұлым Тайкелтірді ат құйрығына салып өлтіремін” деп ант ішкені туралы аңыз сақталған. А. ұрпақтарының бірі Жанқозыдан: Тайкелтір би, Қошетер (Қоспетер) мерген, Олжабай батыр, Секербай би, Боштай (Поштай) Тұрсынбайұлы, әкелі-балалы Едіге мен Шоң билер, Жаяу Мұса, Сұлтанмахмұт Торайғыров, т.б. әйгілі адамдар шыққан.


Әдеб.: Шорманов С., Ескі һәм жана билер, “Қазақ”, 1914, 23 сәуір; Сейфуллин С., Қазақ әдебиеті. Билер дәуірінің әдебиеті. 1 кіт. Қ. – о., 1932

АЙДАРОВ Тұрап (20.11.1933, бұрынғы Шымкент обл. Келес ауд. Ғ. Мұратбаев атынд. а. – 7.3.1994, Ташкент қ.) – ақын, ғалым, филология ғыл. докт. (1982), проф. (1985). ҚазҰУ-ды бітірген (1956). 1956 – 57 ж. орта мектепте оқу ісінің меңгерушісі, 1957 – 85 ж. Ташкент пед. ин-тының аға оқытушысы, доценті, 1985 – 94 ж. қазақ филол.

“АЙҚАП”

кафедрасының меңгерушісі қызметтерін атқарды. Оның “Қазақ тілі лексикасының ерекшеліктері” (1975), “Лингвистикалық география” (1977), “Өзбекстан қазақ говорлары лексикасы және лингвистикалық географиялық мәселелері” (1992) сияқты монографиялық еңбектерімен бірге, “Жана бер жұлдызым” (1975), “Қоңыр жел” (1979), “Арайлы аспан” (1980), “Шие” (1981), “Көңіл салтанаты” (1989) деген жыр жинақтары жарық көрген.

“АЙҚАП” – қоғамдық-саяси және әдеби журнал. 1911 – 15 ж. Троицк қ-нда айына бір рет, кейін екі рет шығып тұрды. Оның 88 саны 1000 – 2000 данамен жарық көрген. Алғашқы редакторы – М.Сералин. “А.” қазақтың қоғамдық ой-пікірінің оянуы мен ұлттық мәдениетінің дамуына үлкен үлес қосты. Журналды шығаруға Ә.Ғалимов, С.Торайғыров ат салысты. А.Байтұрсынов, Шәкерім Құдайбердіұлы, Б.Майлин, Б.Өтегілеуов, С.Дөнентаев, С.Көбеев, Н.Құлжанова сынды қаламгерлер белсене қатысты. Журналда Шоқан, Абай, Ыбырай шығармаларымен бірге



“Айқап” журналы

ауыз әдебиетінің үлгілері, шығыс, орыс және Еуропа қаламгерлерінің туындылары басылып тұрды. Қазақ энциклопедиясының Бас редакциясы 1995 ж. журнал материалдарын баспадан жеке кітап етіп шығарды.


АЙМАҒАМБЕТОВ Орынбай (1923 ж.т., Қарағанды обл. Тельман ауд.) – ақын. Қарағанды шахталарында жұмыс істеген. Өлеңдері 1940 жылдан жергілікті газеттерде жариялана бастады. “Шахтер шамы”, “Туған қалам”, “Қарқаралы”, “Ильичпен сыр-

ласу” тәрізді өлең-жырлары туған жер, оның еңбекшіл адамдарына арналған. Мақсұт Байсейітов, Кәрттай Ермекебаев, Бақыт Мұстафин сияқты үзеңгілес әріптестерімен айтысып жүлдегер атанды. 1969 ж. халық ақындарының респ. ғыл.-шығарм. конференциясына қатысты.

АЙМАҒАНОВ Сатыбалды (1882, Көкшетау өңірі – 1962, сонда) – халық ақыны. Халық жырларын жаттап айтумен бірге өзі де көптеген толғау жырлар, дастандар шығарған, айтысқа қатысқан. “Айсары-Шорман”, “Тәтібай мен екі батыр”, “Азамат ерлер” деп аталатын дастандары кең танымал болды.

АЙМАҚ Әбілда (13.4.1954 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауданына қарасты Қ.Мұңайтпасов атынд. ұжымшар) – ақын. Халықар. қазақ-түрік ун-тін бітірген (1990). 1990 жылдан Қазақстан Жазушылар одағы облысаралық бөлімшесінің қызметкері, 1993 жылдан директоры. Жырлары 1972 жылдан бері жарияланып келеді. 1984 ж. жас ақындардың дәстүрлі жыр жинағы “Қарлығашқа” бір топ өлеңдері енді. А-тың шығармалары “Мерейлі мекен”, “Мүшәйра-92” жыр жинақтары арқылы оқырманға таныла бастады. Ақынның “Ләйлә”, “Домалақ ана кесенесі”, “Жүрегімде махаббат”, “Алтын бесік”, “Түркістан” атты кітаптары жарық көрген. 1993 ж. республика ақындарының қатысуымен Алматыда өткен жабық конкурстың бас жүлдегері.

“АЙМАН - ШОЛПАН” – лиро-эпостық жыр. Алғаш жазып алып баспаға



“Айман-Шолпан” жырының Қазан төңкерісінен бұрын жарық көрген нұсқасы

ұсынған Жүсіпбек Шайхысыламұлы. Жырдың оқиғасы негізінен, 19 ғ-дың алғашқы жартысындағы қазақ елінің әлеум. қоғамдық тіршілігін, тұрмыс салтын қамтиды. Кейіпкерлердің ішінде тарихта болған адамдардың есімдері кездеседі (Есет, Көтібар, Арыстан, т.б.). Жырда Айман тек жеке басының азаттығын көкसेген қыз емес, ел тыныштығын, қауым ынтымағын ойлаған ақылды да айлалы, өжет мінезді адам ретінде көрінеді. “А - III” жыры қазақ ауыз әдебиетіндегі аса көркем жырлардың бірі. М.Әуезовтің “А - III” жыры бойынша жазылған муз. драмасы бар (1934).

АЙМАУЫТОВ Жүсіпбек (1889, қазіргі Павлодар обл. Баянауыл ауд. Қызылтау а. – 1931, Мәскеу) – жазушы, драматург, аудармашы, зерттеуші, публицист. Павлодарда орысша-қазақша екі кластық мектепті (1914), Семей оқытушылар семинариясын (1918) бітірген. А. 1911 – 14 ж. ауылда мұғалім, 1919 – 22 ж. Халық ағарту комиссариатында алқа мүшесі, Семей губ. оқу бөлімінің бастығы, “Қазақ тілі” газетінің редакторы. 1922 – 24 ж. Қарқаралыда мұғалім, 1924 – 26 ж. “Ақ жол” газетінде әдеби қызметкер (Ташкент), 1926 – 29 ж. Шымкент пед. техникумының директоры қызметтерін атқарған. 1929 ж. “Қазақстандағы ұлтшылдық ұйыммен байланысы бар” деген сылтаумен тұтқындалып, 1931 ж. атылған. А-тың шығарм. жолы 1910 ж. басталды. Алғашқы әңгімелері, мақалалары “Қазақ”, “Сарыарқа” газеттерінде, “Абай” журналында жарияланып тұрды. Ол әлем әдебиетінен В.Шекспир, В.Гюго, Г.Мопассан, А.Дюма, А.С.Пушкин, Р.Тагор, Н.В.Гоголь, Л.Н.Толстой, Дж.Лондон, т.б. шығармаларын, “Интернационал” әнінің мәтінін, бірқатар ғыл. еңбектерді қазақ тіліне аударды. Педагогика, психология, әдістемелік, эстет. тәрбие туралы кітаптар жазды. Әдебиет, эстетика, сын саласына араласты, сан алуан публицистикалық мақалалар жариялады. “Қартқожа”, “Ақбілек” романдары, “Күнікейдің жазығы” повесі, “Шернияз”, “Ел қорғаны”, “Мансапқорлар” пьесалары, “Комплексті оқу жолдары”, “Жан жүйесі”, “Өнер таңдау”, “Мағжанның ақындығы туралы” ғыл. ең-

бектері – сан салалы танлант иесінің қазақ әдебиеті тарихындағы өлмейтін орны бар шығармалары. 1918 – 19 ж. М.Әуезовпен бірге Семейде “Абай” журналын шығарып, “Екеу” деген бүркеншік атпен, Әуезовпен бірлесіп “Абайдың өмірі және қызметі” (1918, №2), “Абайдан кейінгі ақындар” (1918, №3), “Аударма туралы” (1925), “Сұңқар жыры” (1925) деген мақалалар жазды. А. театр, музыка, өнер тарихына қатысты көптеген мақалалар жазған. А-тың педагогика, психология және әдістеме саласында жазған ірі еңбектері өз уақытында елеулі рөл атқарды. Олардың ішінде “Тәрбиеге жетекші” (1924), “Психология” (1926), “Жан жүйесі және өнер таңдау” (1926), т.б. отандық ғылымның бастауында тұрған ірі



Ж. Аймауытов

ғыл. еңбектер. Кеңестік билік 1988 ж-ға дейін А. шығармаларын оқуға тыйым салды. Қазақстанда 1989 ж. жазушының бір томдық, 1996 – 99 ж. бес томдық шығармалары жарық көрді.

Шығ.: Ақбілек. Роман. Қ.-о., 1928; Ел қорғаны. Пьеса. Таш., 1925; ; Жан жүйесі мен өнер таңдау. М., 1926; Мансапқорлар. Пьеса. М., 1925; Қартқожа. Роман. Қ.-о., 1926; Күнікейдің жазығы. Повесть. Қ.-о., 1928; Рабиға. Пьеса. М., 1926; Тау еліндегі оқиға, Таш., 1925; Сылаң қыз. Пьеса. Таш., 1922; Шернияз. Пьеса. Сем., 1926; Психология. Қ.-о. – Таш., 1926; Тәрбиеге жетекші. Орынб., 1924; Жүсіпбек Аймауытов шығармалары. Роман, повесть, әңгімелер, пьесалар. А., 1989; Шығармалары, 5 томдық. А., 1996 – 99.

АЙМҰРЗАЕВ Жәлел (1889, Бат. Қазақстан обл. бұрынғы Тайпақ ауд. Қырыққұдық а. – 1969, сонда) – ақын. Ауыл мектебінен оқып, хат таниды. Кейін Оралдағы орыс-

қазақ мектебіне түсіп білім алады. 20 ғ-дың 20 – 30-жылдары болыстық мекемелерде хатшылық қызмет атқарды, ауыл мұғалімі болды. Айтыстары мен өлеңдері “Пернедегі термелер” (1965), “Ленин деп халық жырлайды” (1969), “Айтыс” (2-т., 1966) жинақтарына енген.

АЙНА Төлебайұлы (т.ж.б. қазіргі Қарағанды обл. Нұра ауд. – шамамен 1900, сонда) – ақын. *Шөже* ақынмен жиі кездесіп, сөз қағыстырған. Айтыс өнерінің дүлдүлдері *Кемпірбай*, *Құлтума*, Есенбай ақындармен жыр додасына түскен.

АЙНАБЕКОВ Кәрім (5.10.1940 ж. т., Оңт. Қазақстан обл. Ордабасы ауд. Бадам ст.) – ақын. Новосібір электротех. ин-тын және ҚазҰУ-ды бітірген. Шымкент обл. өндірістік-тех. байланыс басқармасында бөлім бастығы, кейін осы мекеме бастығының орынбасары қызметін атқарды. 1998 – 99 ж. Ақтөбе қалалық пошта бастығы болып еңбек етеді. Қазір “Қазақтелекомның” Ақтөбе обл. дирекциясында қызметкер. “Таң сәрісі” (Алматы, 1977), “Махаббат моншақтары” (Ақтөбе, 1991), “Сені іздеймін” (Алматы, 1994), “Күнім, күніңмін” (Алматы, 1998) атты жыр жинақтары жарық көрген. Қырғыз жазушысы Таш Мияшевтің “Қоштасу” (Жолбарысты танысыз ба?) повесін, орыс жазушысы А.Гельманның “Ар-ождан алдында” пьесасын қазақ тіліне аударған.

АЙНАБЕКОВ Қайып (18.5.1885, Қарағанды обл. Нұра ауд. Көбетай а. – 29.1.1955, Қарағанды) – ақын. Он



К. Айнабеков

бес жасынан өлең шығарады. Алғашқы өлеңдер жинағы “Қырдың қызыл гүлдері” 1928 ж. жарық көрді. 1923 ж. Мәскеуде өткен Бүкілодақтық этнографиялық көрмеге

қатысып, қобызда ойнап, өн айтады. Сол жолы белгілі музыка зерттеуші А.В. Затаевич одан “Сұлушаш”, “Қос көтерме”, “Әуілдек”, “Назқоңыр”, “Жеңеше” сияқты халық өндерін жазып алады. А. 1943 ж. Қарағандыда өткен ақындар айтысына қатысты. І.Манкинмен, С.Әзденбаевпен, К.Елеуовпен айтысты. Отан қорғау шақырған патриоттық жырлар шығарып, қас батырларға арналған “Әбдірдің Нүркені”, “Ер Төлеген” толғауларын шығарды. Оның “Қолаң”, “Алып туралы аңыз”, секілді эпикалық дастандары бар. Өлеңдері, дастандары мен айтыстары халық ақындарының ұжымдық жинақтарында, 1958 ж. Мәскеуде орыс тілінде жарық көрген “Қазақ поэзиясының антологиясында” жарияланған.

Шығ.: Қырдың қызыл гүлдері. Өлеңдер. Қ.-о., 1928; Өлеңдер. А., 1951; Аманкелді. Дастан. А., 1951; Өлеңдер. А., 1954; Шығармалар. Өлең, дастандар. А., 1955.

АЙНАТАСОВ Тәужи (1891, Қарағанды обл. Нұра ауд. – 1962, сонда) – ақын. “Бекбосын”, “Қойтасбайдың баласы”, “Жаңа қала жайнаған” атты өлеңдері “Қарағанды жұмысшыларының әңгіме-жырлары жинағында” жарияланған (1961).

АЙСА Байтабынов (1875, Ақтөбе обл. Қобда ауд. – 1955, сонда) – ақын. А-дан жазылып алынған “Қобыланды”, “Ер Сайын”, “Көрұғы”, “Әуез батыр”, “Телағыс” жырлары Орт. ғыл. кітапханада сақтаулы. Ақыншығарм-ы туралы Е. *Ысмайыловтың* “Ақындар” (1956) монографиясында, “Қазақ совет энциклопедиясында” (1-т., 1972) жазылған. “**АЙСАНЫҢ ҰЛЫ АХМЕТ**” – батырлық жыр. “*Қырымның қырық батыры*” топтамасына енеді. 1942 ж. Алматыда *Мұрын жыраудың* айтуынан, немересі Дәуітбай Мұрынов жазып алып, Орт. ғыл. кітапхана қорына тапсырған. Жырда Айс батырдың ұлы Ахметтің сыртқы жауға қарсы ерлік істері баяндалады. Ахметпен бірге қалмақтарды жеңуге Асан Қайының ұлы Абат батыр, Ер Тарғын, Қарға бойлы Қазтуған, т.б. батырлар қатысады. Жырдың негізгі идеясы Ноғайлы хандығынан бөлініп кетпеуге шақыру, татулыққа, билікке үндеу. Мұрын жырау айтып берген бұл

АЙСАРИН

нұсқа мәтіні толық, 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған. Жыр “Қазақ халық әдебиеті” көптомдығының “Батырлар жырына” арналған 12-томында (1990) алғаш рет жарық көрді.

АЙСАРИН Әбдірахман Көшерұлы (1898, бұрынғы Ақмола обл. Петропавл уезі Аққұсақ болысы, Шоға а. – 1938) – жазушы, публицист. 1916 – 18 ж. Троицк қ-ндағы “Узифа” медресесінде оқып, ол жабылып қалған соң, ауыл мұғалімдерінің курсы бітірген (1919). 1919 – 21 ж. Орынборда шыққан “Үшқын”, “Еңбек туы” газеттерінде әдеби қызметкер, 1921 – 22 ж. Ә.Жанкелдиннің басқаруымен Орынбордан Семейге дейін Қазақстанның солт. облыстарын түгел аралаған “Қызыл керуеннің” хатшысы, 1922 – 23 ж. Семей губ. комсомол к-тінде, 1923 – 26 ж. Петропавл уездік халық сотында қызметкер, 1926 – 32 ж. “Бостандық туы”, “Кеңес ауылы”, “Еңбекші қазақ” газеттерінде журналист болып жұмыс істеген. 1932 – 37 ж. Қазақстан Жазушылар одағының Петропавл бөлімшесін басқарды. 1938 ж. қуын-сүргіннің құрбаны болды. А. 1919 жылдан шығарм-пен айналыса бастайды. Қазақ ауылының тыныс-тіршілігін бейнелейтін “Болсаң, Болаттай бол”, “Мәжен”, “Той тарқар”, “Бәсекелестер жиыны”, “Жол айрығы”, “Айжанның азабы” (1924), “Мырзалар” (1927), “Жүрек жұмбағы” (1928), т.б. әңгімелері, “Көн құрысса, қалпына барады”, “Алма өз түбінен аулаққа түспейді” (1927 – 28) атты повестері жарық көрген.

АЙСАРОВ Юсуп (27.5.1927, Алматы обл. Ұйғыр ауд. – 25.5.1999, сонда) – жазушы. Үрімжідегі мұғалімдер ин-тын бітірген (1952). Ұзақ жылдар Құлжа қ-нда мұғалім, Үрімжі аярту департаментінде редактор, обл. оқу бөлімінде, ауд., обл. газеттерде жауапты қызметтер атқарған. “Аяқталмаған ән”, “Жауынгер”, “Олар қайтадан кездесті”, “12 жылға созылған үрей”, т.б. прозалық кітаптардың авторы.

“АЙСАРА-ШОРМАН” – ашықтық дастан. 1946 ж. Тіл және әдебиет ин-ты ұйымдастырған фольклорлық экспедиция Ақмола, Көкшетау өңірінде болғанда көкшетаулық жергілікті халық ақыны Сатыбалды

Аймажанов жырлап беріп, Бозтай Жақыпбаев қағазға түсірген. Негізгі тақырыбы – бай қызы Айсара мен жалшы, сал-сері, батыр Шорман аралығындағы сүйіспеншілік сезімдері. Бас бостандықтары жолында жастардың құрбан болып, арманда кетуі шынайы суреттеледі. Жыр бұрын ешқайда жарияланбаған. Толық нұсқасы Орт. ыл. кітапхана қоры мен Әдебиет және өнер ин-тының қолжазба және мәтіндер бөлімінде сақтаулы.

“АЙСАҰЛЫ ӘМЕТ” – көне аңыз. Аңыз кейіпкері Айсаұлы Әмет жас кезінде Алтын Орда ханы Жәнібектің қарамағында қызмет істеп, кейін оған бағынбай қырға шығып кетеді. Аңызда “Жәнібек хан аңға шыққанда Әмет оның қызын алып қашады. Хан аңнан оралған соң болған оқиғаны біліп, қыз бен жігітті іздетеді, бірақ таба алмайды. Екі жыл өткен соң, қыз жүкті болып әкесіне хабар береді. Жәнібек Алау бастаған үш жүз кісіні қырға жібереді. Олар қайтпай сонда тұрып қалады. Жәнібек өлген соң, Әмет Бердібекке келіп қосылады. Ханның жарты жұртын билейді”. Халық жадында сақталған бұл аңызды Орынбордағы Неплюев корпусының оқытушысы С.Кукляшев жазып алған. Осыған ұқсас аңыз Қадырғали Жалайырдың “Жами ат-тауарих” кітабында да кездеседі. Мұнда, Әмет пен Сәмет хандар ретінде баяндалады. 14 ғ-дың 2-жартысында Ақсақ Темірмен жауласып жүрген кезде екеуі де қаза табады.

Әдеб.: Уәлиханов Ш.Ш. Шығ. жин., 1-т., 1980; Кукляшев С. Татарская хрестоматия. Оренб., 1859.

АЙТБАЕВ Мәжит, Қ о б ы з ш ы Қ о р қ ы т (1914, Қызылорда обл. Қармақшы ауд. – 1945, Германия, Дрезден қ.) – ақын. ҚазПИ-ді бітірген. 1937 – 39 ж. Қызылорда пед. ин-тында оқытушы, студенттер даярлау курсының бастышы, Қазақстан Жазушылар одағының Қызылорда обл. бойынша өкілі қызметтерін атқарды. Өлеңдері мен әңгімелері мерзімдік баспасөзде, жинақтарда жарияланып тұрды. Көркем аудармамен де айналысты. 1939 ж. А. әскерге алынып, КСРО-ның батыс шекарасында қызмет атқарды. 1941 ж. жау қолына тұтқынға түседі. Гер-

манияда “Түркістан ұлттық бірлік комитетіне” мүше болып “Жаңа Түркістан”, “Милли Түркістан” газеттерін шығарысқан, “Милли әдебиет” альманағының бас редакторы болған. Шығармаларын Қобызшы Қорқыт деген бүркеншік атпен жазған. 1943 ж. Берлинде “Абылай хан” атты өлеңдер жинағы жарық көрді. Оған екі дастан, үш баллада, төрт ән, 41 өлеңі енген. Бұл жинақ 1971 ж. Мюнхенде қайта басылды “Милли әдебиеттің” бір саны түгел А-тың 30 жылдығына арналды. “Абылай хан” жинағындағы өлеңінің бәрі, “Милли Түркістан”, “Милли әдебиеттен” табылған 30 шақты жыр 1991 – 95 ж. Қазақстанда жарияланды. А. 1945 ж. Дрезденде бомба жарқыншағы тиіп, дүние салған.

АЙТБАЙ (1830, Қарағанды обл. Егіндібұлақ ауд. – 1916, сонда) – әнші, сазгер, ақын. “Айтбай”, “Кәлләм”, “Перизат”, “Раушан”, т.б. әндерін музыка зерттеуші А.В. Затаевич ақынның балаларынан жазып алып нотаға түсірген. Е.Г. Брусиловский А-дың “Раушан” әнін “Қыз Жібек” операсында пайдаланды.

АЙТБАЙ (Айтмұхамет) Белгібайұлы (1887, Оңт. Қазақстан обл. Отырарауд. Тартоған а. – 11.11.1961, Оңт. Қазақстан обл. Маяқұм а.) – ақын, жырау. 1901 ж-дан бастап Түркістан маңындағы Қарнақта (Атабай), кейін Бұхара медресесінде оқып, араб және парсы тілдерін үйренеді. Ташкент, Түркістан қ-нда, Балтакөл, Ақынтоғай а-нда ұстаздық еткен. *Молда Мұса, Майлықожа, Мәделі, Шәді Төре, Қызыл жырау, Құлыншақ* сияқты ақындармен бірге жүріп, өзі де өлеңдер, дастандар жазады. Туған жер, өскен ел, заман туралы “Үш мұңлық”, “Қоқаннан қашқан Нар бота”, “Тазша бала”, “Қызылқұм”, “Шәуілдір”, “Туған жермен қоштасу”, т.б. өлең жырлар шығарды. “Арманда Айтбай” (1926), “Қажымұқан”, “Сейітқасым батыр”, “Темірбек батыр” сияқты дастандары бар. А. Мәлике қыз, Жәмила қыз (1913), Орынбай, Елеусіз, Мақан (1943), Желеу (1955), Көпбай, т.б. ақындармен айтысқан. 1943 ж. Жамбыл бастаған республикалық ақындар айтысына қатысты. 1958 жылға дейінгі айтыстарға белсене араласты.

АЙТБАЙҰЛЫ Талғат (5.5.1954 ж.т., Жамбыл обл. Жуалы ауд. Қошқарата а.) – жазушы. 1981 ж. ҚазҰУ-ды бітіріп, Қазақ радиосында редактор, “Қазақстан пионері” (қазіргі “Ұлан”) газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, Қазақстан Жазушылар одағы жанындағы “Аударма” алқасында аға редактор, Алматы теледидарында саяси шолушы, “Халық кеңесі” газетінде бөлім меңгерушісі, “Арай” журналында бас редактордың орынбасары қызметтерін атқарған. Қазір “Тоғанай Т.” баспасының директоры және “Жыл – он екі ай” альманахының бас редакторы. “Нан мен тер” (1998), “Ән әлемінің Әбиірбегі” (1998) сыр-сұхбат кітаптарының, “Жері, суы дуалы – Жуалы” жинағының (1998, Е.Үсенбаев, М.Ахметпен бірігіп жазған) авторы. “Мың бір күн, мың бір түн” деректі романы қазақ және орыс тілінде (аударған Н.Кенжеұлова) қатар жарық көрді (2000). В.Михайловтың “Ұлы жұттың жазбалары” кітабын қазақ тіліне аударған (1992).

АЙТБОЛАТҰЛЫ Батырболат (19.8.1972 ж.т., Бат. Қазақстан обл. Қазталов ауд. Бостандық а.) – ақын. ҚазҰУ-ды бітірген (1995). 1995 – 2002 ж. Әдебиет және өнер ин-нда ғыл. қызметкер, “Қазақ энциклопедиясы” баспасында жетекші маман, “Арыс” баспасында ғыл. редактор, “Қазақстан-1” жеке компаниясында редактор, “Атлас-2001” баспасында бас редактор қызметтерін атқарды. Қазір “Глобус” баспа үйі директорының орынбасары. Өлеңдері “Толқыннан толқын туады” (1995) жыр жинағына “Сорос-Қазақстан-Дебют” байқауының жүлдегерлері топтамасына (1997), Өлеңдері “Қазақстан жас ақындарының антологиясына” (А., “Өлке”, 2000) енген.

Шығ.: Мен ғашық қыз. А., Жазушы, 1996; Көзмоншақ. Астана, “Елорда”, 2001.

АЙТОВ Несіпбек Тұрысбекұлы (22.9.1950 ж.т., ҚХР, Шыңжаң өлкесі Шәуешек ауд. Теректі-Қақпатас елді мекені) – ақын. ҚазҰУ-ды бітірген (1974). 1967 – 69 ж. Семей обл. Шұбартау ауд. “Жаңа өмір” газетінде әдеби қызметкер. 1974 – 84 ж. “Балдырған” журналында бөлім меңгерушісі, 1984 – 85 ж. “Жалын”

баспасында редактор, 1985 – 94 ж. Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, 1995 – 96 ж. “Ақын” қауымдастығының директоры, 1997 – 2001 ж. “Қазақ әдебиеті” газетінде сын бөлімінің, “Жұлдыз” журналында поэзия бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2001 ж.-дан бері Еуразия ұлттық ун-тінде аға ғыл. қызметкер. Алғашқы “Балалық” деген өлеңі 1965 ж. Шұбартау ауд. “Жаңа өмір” газетінде, алғашқы топтамасы 1972 ж. “Лениншіл жас” (қазіргі “Жас Алаш”) газетінде, тұңғыш жинағы “Қозыкөш” 1974 ж. жарық көрді. “Жүректегі жаңырықтар”, “Әке туралы сыр” (1977), “Жаңбыр әні” (1982), “Түнде ұшқан тырналар” (1986), “Рухымның падишасы”, “Мұқағали-Желтоқсан”, “Бөйтерек”, балаларға арналған “Балабақшаға барар жолда”, “Желкілдеп өскен құрақтай” (1980), “Күміс күйме” (1984), “Қартаймайды күн неге?” (1990) т.б. өлеңдерімен поэмалар жинақтары басылып шықты. Түрік ақыны Жүніс Әміренің, қы-



Н. Айтөв

тай ақыны Бо Цыжудың, француз ақыны Дж.Родаридің, сондай-ақ орыс ақындары М.Исаковскийдің, А.Бартоның, С.В. Михалковтың, С.А. Баруздиннің, В.Берестовтың балаларға арналған жекелеген таңдаулы өлеңдерін, Ә.Науаидің “Ескендір қорғаны” (1989) дастанын, “Игорь жасағы туралы жырды” (1990) қазақ тіліне аударған. Ақынның “Серебрянный сундучок” өлеңдер жинағы орыс тілінде жарық көрді (1988). “Бас сүйектері” (1976), “Жасынның сынығы” (1977), “Найзағай” (1978), “Жүректегі жаңырықтар” (1979) поэмалары кезінде респ. байқаулардың жүлделерін, “Мұхтар мен Абыз” толғауы М.Әуезов 100 жылдығына

арналған мүшәйраның бас жүлдесін алған. “Мұқағали-Желтоқсан”, “Бөйтерек” поэмалары оқырмандар тарапынан жоғары бағаланды. Қазақстан Жазушылар одағының М.Мақатаев және Жамбыл атынд. сыйлықтарының лауреаты.

АЙТУАР Үсенұлы (1780, Атырау обл. Махамбет ауд. Зауральный мекені – 1854, сонда) – би, шешен. Баймағамбет сұлтанның бас кеңесшілерінің бірі болған. Ел аузында “Айтуар айтқан екен” дейтін шешендік сөздер аз емес. Әсіресе, Дәулетқали төре мен шеркеш Тұрлан батыр арасындағы қақтығысты шешудегі төрелік, билік сөзі халық жадында сақталған.

АЙТУҒАН Тайұлы (19 ғ-дың басы, Маңғыстаудағы Жыңылды мекені – 19 ғ-дың аяқ шенінде қайтыс болған) – жыршы, жырау. Толғауларының халық жадында сақталғандары: “Терме”, “Өсиет өлең”, “Шөнекеге”, “Өнерлі жігіттерге”, “Ақжан байға”, т.б. 97 жасында қайтыс болған.

АЙТХОЖА Марфуға (25.8.1936 ж.т., ҚХР, Шыңжаң өлкесі. Құлжа қ.) – ақын. Құлжадағы қыздар гимназиясын (1956), ҚазҰУ-ды (1965), Мәскеудегі Жоғары әдеби курсты



М.Айтхожа

(1971) бітірген. 1961 – 69 ж. “Қазақ әдебиеті”, “Қазақстан мұғалімі” газеттерінде әдеби қызметкер болып қызмет істеген. 1969 жылдан шығармашылық қызметте. Алғашқы өлеңдер жинағы “Балқұрақ” деген атпен 1962 ж. жарияланды. араб, парсы, қытай, неміс, француз, ағылшын, болгар, поляк, венгр, чех, т.б. тілдерге аударылған. Әлем әдебиетінен ұйғыр классигі Біләл Назымның, вьетнам ақыны Те Лан Виннің, Зулфияның, В.Хинковтың, болгар ақыны Н.Вавцаровтың, Н.Хикмет-

АЙТЫС

тің туындыларын, бірқатар моңғол, орыс, араб, қырғыз, татар, башқұрт, венгр, украин, т.б. ақындарының өлеңдерін қазақ тіліне аударған. “Құрмет белгісі” (1986), “Парасат” (1998), “Достық” ордендерімен марапатталған. ҚР Мемл. сыйл. лауреаты (2002).

Шығ.: Балқұрақ. Өлеңдер. А., 1962; Шыңдағы жазу. Өлеңдер. А., 1964; Жастық шақ. А., 1968; Аққуым менің. Өлеңдер. А., 1971; Қаракөз айым. Өлеңдер. А., 1973; Баянжүрек. Өлеңдер. А., 1974; Көзімнің қарасы. А., 1975; Ақ бесігім. А., 1978; Жарқыра, менің жұлдызым. Өлеңдер. А., 1980; Перне. Өлеңдер мен поэмалар. А., 1981; Қыран жеткен. Өлеңдер мен поэма. А., 1985; Таңдамалы. А., 1986; Сағыныш сазы. Өлеңдер. Ү., 1990; Жапырақ сілкінген кеш. Өлеңдер мен поэма. А., 1991; Аңсау. Өлеңдер. А., 2001; Жапырақтар жауғанда. Таңдамалы жинақ. Аст., 2002; Аққу жүрек. Өлеңдер. А., 2003; орыс тілінде Пора цветения. Стихи. А., 1970; Утверждение. Стихи. А., 1974; Горсть земли. Стихи. М., 1974; Струна степей. Стихи. М., 1978; Настанет утро. Стихи. А., 1978; Летние росы. Стихи, баллады и поэма. М., 1980. Голубые голуби. Стихи. А., 1983; Украшение коня. Избр. М., 1986.

АЙТЫС – ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы. А. түркі елдерінде көне дәуірден белгілі. М.Қашқаридің “Диуанилұғат ат-түрк” атты еңбегінде “Жаз бен Қыстың айтысы”, Иасауидің “Диуани хикметіндегі” “Жұмақ пен Дозақтың айтысы” бұл жанрдың ғасырлар қойнауына жол тартатынын аңғартады. Түркі халықтары арасындағы А. өнері қазақтар мен қырғыздар арасында жақсы дамыған, түріктер арасында да А-тың кейбір сақталған нышандары бар. Қазақ айтыстары жанрлық сипаты жағынан түре айтыс және сүре айтыс болып екіге бөлінеді. Алғашқысына бір-бір ауыз өлеңмен қайырылатын айтыстар жатса (“Жар-жар”, “Бәдік”), екіншісіне келелі, кесек ақындар айтысы енеді (Ақсұлу мен Кеншімбай, Әсет пен Ырысжан, *Сүйінбай* мен Қатаған, *Жамбыл* мен Құлмамбет, Молда Мұса мен Манат қыз, Кемпірбай мен Шөже, Орынбай мен Тоқжан, Біржан мен Сара айтыстары, т.б.). А. мазмұндық сипатына қарай, әдет-ғұрып айтысы және ақындар айты-

сына жүйеленеді. Соңғысы тақырып аясына қарай жұмбақ айтыс, мадақ айтыс болып жіктеледі. А. – синкретті жанр, ол *тұрмыс-салт жырларынан* бастау алып, келе-келе ақындар айтысына ұласқан. А-та осыған орай лирик., эпик., драм. сипаттар мол ұшырасады. Сол арқылы бұл жанр ауыз әдебиетінің өзге түрлерімен қанаттаса дамып, бір-біріне елеулі ықпал жасап отырған. Көшпелі елдің қызық-қуанышын бөлісіп келген А. халқымыздың сан алуан ойын-той, әр түрлі дәстүрлі думандарда қуана қызықтайтын театры іспеттес болған. Жұрт көпшілік алдында сөз сайысына түскен екі ақынның жеңіске жету жолындағы тапқырлықтары мен алғырлықтарына куә болып, солардың біреуінің намысын жыртып, тілеуін тілейтін жанкүйерлеріне айналған.

Бұған айтыстың сауықшылдық, эстетик. ләззат беретін сипаттары да айтарлықтай қызмет атқарды. А. кез келген жерде өте береді де, мұның тыңдаушысы да, бағасын беріп төрелік айтушысы да халық немесе қадірлі ел ақсақалдары болған. Көшпелі елде шілдехана, ойын-тойға ерекше мән беріліп, қонақ кәдеден бастап, кішігірім ауыл айтыстары да өтіп отырған. Арқалы айтыс ақындары бірін-бірі іздеп келіп айтысатын дәстүр орныққан. Бір де бір үлкен жиын, ас-той ақындар айтысынсыз өтпейтін болды. А-тың алғашқы бұлақ көзі тұрмыс-салт жырларындағы “*Жар-жар*” мен “*Бәдік*” жырларынан басталған. Кейін қыз бен жігіт айтысына ұласқан. Қазақ қоғамында ақынның ақын болып танылуы да тек айтыс арқылы жүзеге асқан. Көбіне-көп



Абайдың 150 жылдық мерейтойы кезінде өткізілген республикалық ақындар айтысы



Қазақ ауылындағы айтыс көрінісі

айтыста жеңілген ақын өткен айтысты ел арасына таратуға міндетті саналған. Сонымен бір-біріне логик. ой-жүйемен терең жымдасқан екі ақынның өлеңдері біртұтас дүниеге, қисса, дастан секілді желілі шығармаға айналған. Айтыс ақындарының ұымында өлең белгілі бір кісіге қонатын өнер саналған. *Кемпірбай, Балқы Базар, Бұдабай, Бақтыбай, Сүйінбай, Жамбыл, Құлмамбет* тәрізді ақындар өлеңнің “киесі бар, иесі бар” деп білген. Бетпе-бет келген екі ақын жеңудің сан алуан жолдарын, амал-тәсілдерін қарастырады. Ә дегеннен амандасу, ел жағдайын сұраудың өзінде айтыс боларлық түйін, сын тағарлық мәселелер іздестіріледі. Суырып салма өлеңге ысылған, аял-тегіл жыр иесі айтыста сөз таппағаннан жеңілмейді, аталы сөзден, жүйелі ойдан, бұлтартпас шындықтан тосылады. Мұны қанша өкінішті болса да жұрт алдында ашық мойындауға, кейінгі жырлау кезінде жасырмай айтуға мәжбүр болған. 20 ғ-дың 40-жылдардағы Кенен мен Нартайдың, Болман мен Шашубайдың, Орынбай мен Маясардың, Доскей мен Қуаттың ең таңдаулы жырлары аталы сөздің алдындағы адалдықтың көрінісі болды. Бұлар бұрынғы ұлы ақындардың көзін көрген, суырып-салма дәстүрдің бастауынан нәр алған ақындар еді. 80-жылдары сөз киелерінің алдын көрген, өнегесін алып қалған Манап, Қалихан, Көпбай, Тәушен сынды ақындар айтыс өнерінің жаңа дәуірін бастап кетті. Әселхан Қалыбекова, Әсия Беркенова, Қонысбай Әбілев, Шынболат Ділдебаев, Қатимолла Бердіәлиев, Шорабек Айдаров, Есенқұл Жақыпбековтер алдыңғы буын ақындардың дәстүрін көш ілгері жылжитты. Осы тұста Қазақ Республикасының теледидары ақындар айтысына өлшеусіз ықылас танытты. Жаңа технологиямен жарақтанған телеарна салтанатты сарайларда айтыстар өткізіп, оны бүкіл республикаға көрсетіп отырды үрдіске айналдырды. Бүгінде айтыстың абыройын асырып жүрген А.Әлтаев, М.Қосымбаев, А.Леубаева, М.Тазабеков, С.Құсанбаев, А.Тұрсынбаева, Б.Шойбеков, Б.Имашев, Д.Кәпұлы, Р.Зайытов, т.б. ақындар

айтыс өнерінде жаңа жыр өрнегін тудырды. Қазір айтыс саласы жедел дамып, халықар. сипат алды. 1989 ж. Моңғолияның, Өзбекстанның, Қырғызстанның, Ресейдің айтыскерлерінің қатысуымен Алматыда халықар. айтыс өтті. Іле шала ақындар айтысы Ташкентте, Бішкекте өтіп, бауырлас халықтардың арасындағы рухани көпірге айналды. 2004 ж. “Күлтегін” баспасынан ақындар айтысының мәнді жерлерін теріп алып “Айтыс” деген жинақ жарық көрді.

АЙЫМБЕТ Мәди Айтбенбетұлы (14.10.1946 ж.т., Қостанай обл. Аманкелді ауд.) – жазушы. ҚазҰУ-ды (1972) бітірген. 1972 – 77 ж. “Қазақстан пионері” (қазіргі “Ұлан”) газетінде бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы, 1977 – 84 ж. “Пионер” (қазіргі “Ақ желкен”) журналында бөлім



М. Айымбет

меңгерушісі, 1984 – 86 ж. “Қазақстан коммунисті” (қазіргі “Ақиқат”) журналында аға редактор, 1986 – 90 ж. Қазақстан баспа, полиграфия және кітап саудасы жөніндегі мемл. к-тінде көркем әдебиет бөлімінің меңгерушісі, “Ғылым” баспасының бас редакторы қызметтерін атқарды. 1993 жылдан ҚР Парламенті Сенатының редакциялық-баспа бөлімі бастығының орынбасары. Алғашқы әңгімесі “Тәтті мұң” 1972 ж. жарық көрді. Кейін “Ертегіден келген бала” (1978), “Көгілдір соқпақ” (1980), “Нәзік жаңғырық”, “Күнікей”, “Ғашық болу бақыты”, “Шырақшы Қалжігіт”, “Құм киесі”, “Ол дәурен бір көрген түс”, т.б. повесть, әңгімелері, орыс тілінде “Плато голубых цветов” (1985), “Чаша печали” (1997) атты прозалық кітабы жарық көрді. Орыс жазушысы В.Шукшиннің, украин жазушысы А.Головконың, латыш жазушысы


А.Пацюстің, т.б. шығармаларын қазақ тіліне аударған. Қазақстан Жоғ. Кеңесінің Грамотасымен, ҚР Құрмет грамотасымен марапатталған.

Шығ.: Шілденің күні. Повесть, әңгімелер. А., 1976; Ертегіден келген бала. Повесть. А., 1978; Көгілдір соқпақ. Әңгімелер, повесть. А., 1980; Көлге шомылған ай. Повестер мен әңгімелер. А., 1984; Плато голубых цветов. А., 1985; Шыққа тұнған нұр. Повестер. А., 1989; Ол дәурен бір көрген түс. Повестер мен әңгімелер. А., 1995; “Чаша печали” А., 1977; Тылсым. Повестер, Аст., 2001.

АКАДЕМИЯЛЫҚ БАСЫЛЫМ – ақын-жазушылар шығармаларының ыл. текстологиялық зерттеу негізінде дайындалып, жарық көрген толық жинағы. Мұндай басылымда автордың шығармалары толық қамтылып, әр шығарманың мәтінінің дәлдігі, дұрыстығы түпнұсқалармен қолжазбалармен салыстыра зерттеу негізінде айқындалып, қалыпқа түсірілген түрде беріледі. Шығармалардың мәтіндік тұрғыдан қаншалықты тексерілгендігі, олардың жазылу тарихы, қоғамдық мәні, көркемдік сипаты жан-жақты айқындалып, оған ыл.



Академиялық басылым. Абай шығармаларының екі томдық жинағы. 1995 ж.



Академиялық басылым. Жамбыл шығармаларының екі томдық жинағы. 1996 ж.

АҚАЙ

түсініктемелер жазылады. А. б-ның озық үлгілері ретінде Абай шығармаларының толық жинағын, М.Әуезов шығармаларының 20 томдық академиялық басылымдарын, т.б. атауға болады.

АҚАЙ Аманбек (4.4.1947 ж.т., Оңт. Қазақстан обл. Қазығұрт ауд. Рабат а.) – ақын. 1964 ж. Алматы зоотех.-малдәрігерлік ин-тын (Қазіргі ҚазҰАУ), бітірген (1964), биол. ғыл. докторы, академик. 1980 – 92 ж. Түркістандағы, Шымкенттегі, Түлкібас ауд.-ндағы өндірістік құс бірлестіктерінде жауапты қызметтер атқарған. 1992 жылдан Ақсу-Жабағылы мемл. қорығының директоры, 1998 жылдан респ. “Қазығұрт” қорының президенті. Қырықтан аса ғыл. еңбектері, үш монографиясы жарық көрген. “Еркеназ” (1994), “Ән арнадым халқыма” (1995), “Адамзаттың рухани бірлесу және жаңғыру кілті – “Қазақ – Қазығұрт” (1998), “Адамзаттың Қазығұрты” (Ділнама 2003), т.б. ән, жыр, филос.-танымдық кітаптардың авторы.

АҚАН СЕРІ, Ақжігіт Қорамсаұлы (1843, бұрынғы Көкшетау обл., Үлкен Қоскөлдің маңы – 1913, сонда) – ақын, әнші, композитор. А. с. жас кезінен өнерімен көзге түсіп,



Ақан сері

кейін ақындық, әншілік өнерімен кемелденген соң алты алашқа аты мәлім сері атанған. Маңына өзі сияқты өнерпаз жастарды жинап, ел аралап ән салады. Сәнді киініп жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы ұстап серілік құрады. Осындай сегіз қырлы өнерпаздығы үшін ел арасында “Ақан сері” атанады. Ол әншілік, композиторлық өнерде атақты *Біржан салды* аға тұтып, ұстаз санаса, *Балуан Шолақ, Естай, Иманжүсіп, Құлтума* сияқты әнші-композитор-

лар оның өнер жолындағы ең жақын достары болады. Ол қазақтың ұлттық өнерін кәсіби деңгейге көтеріп, дәстүрлі өнердің классик. үлгісін жасады. Қазақ мәдениетінің алтын қорына А. с-нің елуге жуық муз., поэтик. мұрасы енді. “Ақтоқты”, “Алтыбасар”, “Тер қатқан”, “Мақпал”, “Балқадіша”, “Сырымбет”, “Майда қоңыр”, “Ақ көйлек”, “Аужар”, “Ғашық жарға”, “Тарипың”, “Ж-ға” т.б. әндері әйел жанының сұлулығын жарқырата көрсетуімен бірге, махаббат құдыретін асқақтата суреттейді. А. с. ақын-әнші ғана емес, саңлақ аңшы, атбегі. Ақынның сүйікті досына, қимас өмірлік серігіне айналған сәйгүлігі мен қыран құстарына арналған “Маңмаңгер”, “Қараторғай”, “Көкжендет”, “Құлагер” секілді әндері бар. А. с. көрнекті айтыс ақыны да болған. Ол Орынбай, Нұркей, Нұрқожа, т.б. ақындармен айтысқа түскен. Оның “Шоғырмаққа”, “Сұрағана”, “Смағұлға” атты сықақ өлеңдері де бар. “Замана адамында” ел билеген әкімдерді әжуәлайды. А. с-нің муз. туындылары қазақ өнерінің өркендеуіне зор ықпалын тигізді. Оның шығармаларын белгілі әншілер *Ә. Қашаубаев, Ж. Елебеков, М. Ержанов, Ж. Кәріменов*, т.б. ел игілігіне айналдырды. А. с-нің өмірі мен тағдыры туралы *І. Жансүгіров* “Құлагер” поэмасын, *Ғ. Мүсірепов* “Ақан сері – Ақтоқты” драмасын, *С. Мұхамеджанов* осы аттас опера, *С. Жүнісов* “Ақан сері” романын жазды.



Көкшетау қаласындағы Ақан сері ескерткіші

“**АҚ БОСАҒА**” – отбасыларға арналған тәуелсіз басылым. Құрылтайшысы – “Шолпан және құрбылар” серіктестігі. Алғашқы нөмірі 1991 ж. 7 ақпанда, Алматыда қазақ тілінде жарық көрген. Көлемі 4 бет, қалыбы А3. Айына бір рет шығады. “Шертарқатсам деп едім”, “Сыр сұхбат”, “Шат шаңырақ”, т.б. айдарлары бар. **АҚАТАЙ** Сәбетқазы Нұржақияұлы (11.10.1938, Шығ. Қазақстан обл. Күршім ауд. – 19.10.2003) – мәдениеттанушы, сыншы, ғылым, филос. ғыл. докторы (1995). Қазақстанның еңб. сің. қайраткері (2001). Мәскеу мемл. ун-тін бітірген (1969). 1956 – 58 ж. Қарақас балық зауытында әр түрлі қызметтерде жұмыс істеген. 1969 – 74 жылға дейін Алматы шет тілдер ин-тында дәріс оқыды. 1974 – 88 ж. Ықылас атынд. Ұлт-аспаптар мұражайының директоры, 1988 – 96 ж. Респ. мәдениет қызметкерлері-



С.Ақатай

нің санатын көтеру ин-тында кафедра жетекшісі, проректор, ректор, ағыл. қызметкер, ғылым бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарған. Мәскеудегі “Жас тұлпар” атты қазақ жастар ұйымының құрамында студенттер кеңесін басқарды. “Азат” қозғалысының алғашқы тең төрағаларының бірі болған. Көптеген ғыл. еңбектер, 400-ден аса публицистик. мақалалар жазған. О. Сүлейменовтің “Аз и Я” еңбегін қазақ тіліне аударған (1991).

Шығ.: Эзоп мысалдары. Аударма. А., 1976; Қазақтың музыкалық фольклоры (авторлар ұжымы). Монография. А., 1983; Мінез-құлық мәдениеті. Монография. А., 1984; Тереңнен тартқан тамырлар, А., 1988; Күн мен көлеңке, А., 1990; Тышқан жылы қырғын, А., 1994; “Инжумаржан секілді” (1995), “Древние культуры и традиционная культура казахского народа”, “Қазақ халқының синкреттік дүниетанымы” (1993-94), т.б